

**ӘКЕ – ОТБАСЫ ТІРЕГІ**

6-БЕТ | ҚОҒАМ



**МЫҚТАМАСАҢ ҚОЙМАҢДЫ...**

7-БЕТ | САРАПТАМА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

БІЗ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ НЕГІЗІН ҚҰРМЕТТЕЙ ОТЫРЫП, МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ЗАЙЫРЛЫ ЕЛ РЕТІНДЕГІ МӘРТЕБЕСІН КҮШЕЙТЕ ТҮСУІМІЗ КЕРЕК. ҚАЗАҚСТАН ӨЗІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНЕ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ МОРАЛЫНА ҚАЙШЫ КЕЛМЕЙТІН ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРДІҢ, ТҮРЛІ ТАНЫМДАР МЕН ІЛІМДЕРДІҢ БӘРІНЕ ТҮСІНІСТІКПЕН ҚАРАЙДЫ. БІРАҚ БІЗ БАТЫСТЫҢ, Я БОЛМАСА БАСҚА ДА КӨЗҚАРАС ИЕЛЕРІНІҢ ЫҚПАЛЫМЕН ТӨЛ МӘДЕНИЕТІМІЗГЕ ЖАТ ӘРІ ӘЛЕМНІҢ ДУАЛИСТІК НЕГІЗІНЕ КЕРЕҒАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТЕГІНЕ ЕРІП КЕТЕ АЛМАЙМЫЗ, КЕТПЕЙМІЗ ДЕ!

№49 (4637)
Бейсенбі
25 сәуір
2024 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ



Астана тұрғындары мен қала қонақтарына қызмет көрсету үшін елорда көшелеріне 18 метрлік жаңа 40 автобус шығарылды.

«Жаңа автобустар қаладағы №44, 10, 9, 7 бағдарларына жіберілді. Оның ішінде 16 автобус №44 бағдарға жіберіліп, бағдардың жылжымалы құрамы толықтай 18 метрлік автобустарға ауыстырылды. 14 автобус №7 бағдарға жіберілсе, қалған автобустар №9 және №10 бағдарларына бөлінді» деп хабарлады CTS баспасөз қызметі.

Бұған дейін елорданың қоғамдық көлігінің жылжымалы құрамы 18 метрлік жаңа 40 автобуспен толығатыны туралы хабарланған болатын.



Астанада қоғамдық велостанциялар мен велосипедтерді іске қосу кезең кезеңімен іске қосылып жатыр.

CTS баспасөз қызметінің мәліметінше, қазіргі уақытта екінші кезең бойынша жұмыстар аяқталып, белсенді велостанциялар саны 124-ке, ал қолжетімді велосипедтер саны 600-ге жетіп отыр.

Ал 1 мамырға дейін қалған станциялар мен велосипедтер іске қосылып, қала бойынша барлығы 155 станция, 833 велосипед қолжетімді болады.

Сұлтан СЕЙІТ



3

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР – ҚАЛА КӨРКІ

Астанада соңғы жылдары қоғамдық кеңістіктер көбейді. Ескі үйлердің орнына, бос жатқан аумақтарда пайда болған кеңістіктер шын мәнінде қаланың көркін ашып қана қоймай, тұрғындар үшін демалыс әрі серуен орындарына айналды. Биыл да елордада 170-ке жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылатын болады.

## «ҚАРЫЗСЫЗ ҚОҒАМ»: ҚАЙДА, ҚАШАН ЖӘНЕ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Amanat партиясы мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, Президент Жолдауында айтылған тапсырманы іске асыру мақсатында «Қарызсыз қоғам» білім беру жобасын жалғастыруда.

Былтыр жоба еліміздің 8 өңірінде ұйымдастырылды. Биылдан бастап барлық аймақта курс ашу қолға алынды.

Курсқа кез келген адам онлайн тіркеле алады. Астана қаласында бір уақытта 5 орында тренинг-курс ұйымдастырылады. Сарапшылар биыл елордада 9 мың адамды оқытуды жоспарлап отыр. Курстан қатысу үшін Qogamfin.kz арнайы білім беру платформасының сайтына кіріп, «Курсқа қатысу» деген батырманы басуы қажет.



## ЖАСЫЛ БЕЛДЕУГЕ – 700 ҚЫРҒАУЫЛ

АСТАНА ІРГЕСІНДЕГІ ЖАСЫЛ БЕЛДЕУГЕ ЖЫЛДАҒЫ ДӘСТҮР БОЙЫНША ҚЫРҒАУЫЛДАР ҰШЫРЫЛДЫ. БИЫЛ БАРЛЫҒЫ 1800 ҚЫРҒАУЫЛ ҰШЫРУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

4





# БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев KIA корпорациясының президенті Хо-сунг Сонгты қабылдады. Президент автоиндустрияны дамыту Қазақстанның өнеркәсіп саясатының негізгі бағыттарының бірі саналатынын атап өтті.

Хо-сунг Сонг Қасым-Жомарт Тоқаевқа автомобиль шығаратын толық циклді зауыт құрылысының барысы туралы мәлімет берді. Зауыт 2025 жылы Қостанайда салынады. Жобаны жүзеге асыру үшін 90 миллиард теңгеден астам инвестиция тартылған. 1,5 мың тұрақты жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Зауыттың жобалық қуаты жылына 70 мың автомобиль шығаруға есептелген. Оның ішінде 50 мың автомобиль ұсақ бөлшектерден құрастыру әдісімен өндіріледі, яғни жергілікті өнім үлесі барынша жоғары болады.

Сонымен қатар Хо-сунг Сонг автомобильдің қосалқы бөлшектерін жаһандық деңгейде өндірушілерді Қазақстанға тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын жеткізді. Атап айтқанда, елімізде автокөліктің қосалқы бөлшектерін шығаратын зауыт салу жөнінде келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы KIA корпорациясының Қазақстанда автобөлшектердің жергілікті өндірісін жолға қою туралы шешімін құптады. Сондай-ақ аталған саланы дамыту үшін білікті отандық мамандар даярлау қажет екенін айтты.

Төлен ТІЛЕУБАЙ

# ҚҰРЫЛЫС – ЕЛОРДА ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДРАЙВЕРІ

Астана қаласында 2023 жылдың басында 16 проблемалық нысан болса, соған қаражат салған 4 мыңнан аса салымшылардың 90 пайызы баспанасын алды.



### КЕЗЕККЕ ҚОЮ АШЫҚ БОЛСЫН

Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов тұрғын үй құрылысы және проблемалық нысандар құрылысын аяқтау мәселесі бойынша Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың, сондай-ақ бірқатар өңірлер әкімдерінің, соның ішінде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің баяндамасын тыңдады.

Олжас Бектенов Үкімет алдына биыл тұрғын үй құрылысына қатысты көптеген маңызды міндеттер қойылғанын атап өтті. Бұл – рекордтық 18 млн шаршы метр тұрғын үйді тапсыру, Мемлекет басшысының жаңа ипотекалық бағдарламаны іске қосу туралы тапсырмасын жүзеге асыру, сондай-ақ үлестік құрылыс пен заңсыз құрылыстың қордаланып қалған проблемаларын түпкілікті шешу.

Үкімет басшысы қазіргі уақытта 650 мыңнан астам адам үй кезегінде тұрғанын атап өтті. 2023 жылы өңірлер әкімдіктері тұрғын үй бағдарламасына қатысуға өтініш берушілердің талаптарға сәйкестігін тексеру бойынша жұмыстарын бастады. Мысалы, Ақмола облысында баспана кезегінде тұрғандардың ішінде талаптарды бұзған 16 мыңға жуық азамат, Шымкент қаласында 36 мыңнан астам адам анықталды. Бірақ, олардың аз ғана бөлігі кезектен шығарылған.

Олжас Бектенов әкімдіктерге тізімдерді бірінші жартыжылдықтың соңына дейін өзектендіруді және тұрғын үй бағдарламасының іске асырылуына мониторинг жүргізуді тапсырды. «Барлық әкімдіктер осы тізімдерді қайта қарап, жұмысты I жартыжылдықтың соңына дейін аяқтауы қажет. Бәрі белгіленген ережеге сай болуға тиіс. Кезекке қабылдауды ашық әрі бәріне түсінікті етіп жасау керек. Сондай-ақ тізімге енгізілген адамдарға нақты мониторинг жүргізілуге тиіс» деп тапсырма берді О.Бектенов.

### ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙЕДІ

Премьер-министр жаңа ипотекалық бағдарламаны іске қосу және жылжымайтын мүлікке сұранысты ынталандыру үшін жалға берілетін тұрғын үй тетігін іске асыру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. Президент Үкіметтің алдына қойған міндеттерді орындау аясында биылғы 1 наурыздан бастап «Отбасы банкі» «Отау» бағдарламасын іске қосты. Шарттарға сәйкес, қазақстандықтар Астана мен Алматы қалалары үшін 30 млн., басқа өңірлер үшін 18 млн жылдық 9 пайызбен және халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары үшін 7 пайызбен тұрғын үй несиесін рәсімдей алады.

18 сәуірдегі ахуал бойынша, банк бағдарламаға қатысуға 18 729 өтінім қабылдаған. Жылжымайтын мүлік бағасының өсуін тежеу үшін құрылыс салушыларды Баспана Маркет платформасында орналастыру кепіл құны келісілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады. Жаңа тұрғын үй бағдарламаларын іске қосу жылжымайтын мүлікке сұранысты арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты Өнеркәсіп және Сауда министрліктеріне Бәсекелестікті қорғау агенттігімен бірлесіп, бір ай мерзімде жылжымайтын мүлік және құрылыс материалдары нарығында дүрбелеңге жол бермеу үшін қажетті іс-шараларды іске асыру тапсырылды.

Олжас Бектенов салынып жатқан құрылыстың сапасына назар аударды. Жалға берілген тұрғын үйге қоныстанғаннан кейін кездесетін мәселелерді үй салушылар шешуі керек. «Тағы бір маңызды мәселе – құрылыстың сапасы мен оның заңнамаға сәйкес болуы. Құрылыс компаниялары өздеріне алған міндеттемені толық орындауға және құрылыстың сапасын қамтамасыз етуге міндетті. Қандай да бір кемшіліктер анықталса, оларды тез арада жойып отыруы керек. Өнеркәсіп министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде заңсыз құрылыс жүргізгені үшін құрылыс компаниялары мен лауазымды тұлғаларға ықпал ету шараларын қатаңдату жөнінде заңнамалық түзетулер әзірлесін. Оларды Құрылыс кодексінің жобасына енгізу қажет» деп атап өтті Олжас Бектенов.

### ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Сондай-ақ Олжас Бектенов ұзаққа созылған құрылыс мәселесін шешу және тұрғын үйлерді уақтылы пайдалануға беру үшін құрылыстың заңдылығына тиімді бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды. Осы мәселеге орай Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаевтың, бірқатар өңірлер әкімдерінің алданған үлескерлермен жұмыс, заңсыз құрылыспен күрес, инженерлік желілерді жүргізуге бөлінген қаржының игерілуі туралы баяндамалары тыңдалды.

Қазір елімізде 39 барынша проблемалық нысан бар. Олар бойынша алданған үлескерлер жылдар бойы соттасып келеді. 340-қа жуық тұрғын үй кешені заңсыз салынуда және ұзақ мерзімді құрылыс санатына түсу қаупі бар.

«Өнеркәсіп министрлігі өңірлермен бірлесіп, 1 маусымға дейінгі мерзімде салынып жатқан барлық нысандарға құрылыс жұмыстарының заңдылығы мен құжаттарына ревизия жүргізуі қажет. Оның қорытындысы бойынша 1 айдың ішінде осыған дейін қабылданған Проблемалық объектілерді аяқтау жөніндегі жол картасын өзектендіру керек. Ең бастысы, барлық үйлерді мерзімінде тапсыру үшін қатаң бақылауды қамтамасыз ету қажет» деді Үкімет басшысы.

### АСТАНА ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІН ШЕШТІ

Құрылыс саласы елорда экономикасының негізгі драйверлерінің бірі болып табылады. Өткен жылы бас қаладағы құрылыс жұмыстарының көлемі 14,9 пайызға ұлғайып, соның ішінде тұрғын үй құрылысы 58,1 пайызға өскен. 3,8 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Биыл да осындай шаршы метр баспана салу жоспарланған. Бұл туралы Үкімет отырысында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек егжей-тегжейлі баяндады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша алданған үлескерлердің «екінші толқыны» мәселесін шешу бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2019 жылдан бастап «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы – қазіргі уақытта Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында 140 үйдің құрылысы аяқталды, 15,5 мыңға жуық үлескер пәтерлерінің кілттерін алды. Өткен жылдың басында елордада 16 проблемалық нысан болды – бұл 32 үй, 4 мыңнан астам салымшылар. Бүгінгі таңда олардың 90 пайызы баспаналарын алды. Қалған 484 отбасы пәтерлерінің кілтін ағымдағы жылдың маусым айының соңына дейін алады» деді елорда әкімі.

Қала басшысы жалпы қазіргі уақытта астанада 401 тұрғын үй құрылысы алаңдары барын тілге тиек етті. Әкімшілік тұрғын үй нарығындағы өзгерістерді ескере отырып, проблемалық үлестік құрылыстың «үшінші толқынының» пайда болуына тосқауыл қою үшін алдын ала қандай іс-шаралар жүргізіп жатқанына тоқталды.

«Біріншіден, қала әкімдігінің Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының үйлестіруімен және құрылыс нысандарында әрбір тұрғын үй кешені бойынша үлескерлер мен құқық қорғау органдарының қатысуымен жүйелі негізде кездесулер өткіземіз. Бұл туындаған мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді және салымшылардың арасында әлеуметтік шиеленіске жол бермейді. Екіншіден, үй салушыларға техникалық және қаржылық аудит жүргізу, жобалық құжаттаманы сәйкестендіру, инженерлік желілерді салу және қосу мәселелерінде толық көмек көрсетеміз. Үшіншіден, салынып жатқан үйлердің құрылысын аяқтау үшін үй салушылар қатарына ірі және адал инвесторларды тартамыз. Салынып жатқан бірде-бір үй назардан тыс қалмайды және күнделікті бақылауда» деп түсіндірді Жеңіс Қасымбек.

### БЕС ЖЫЛДА ҚАНША ОТБАСЫ ҮЙ АЛДЫ?

Өнеркәсіп және құрылысы министрлігінің мәліметі бойынша, соңғы 5 жылда тұрғын үй құрылысына 12 трлн теңгеден астам инвестиция тартылып, 78,5 млн шаршы метрге жуық жаңа тұрғын үй пайдалануға берілген. Барлық қаржыландыру көздерін ескере отырып, 695 мың отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартыпты. «2030 жылға қарай барлық қаржыландыру көздерінің есебінен 111 млн шаршы метрді қамтитын тұрғын үй құрылысы жоспарлануда, бұл 1 млн-нан астам отбасыны жаңа баспанамен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деп мәлімдеді министр Қанат Шарлапаев. Оның айтуынша, Үкіметтің 2024 жылы Экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру үшін тұрғын үйді пайдалануға берудің жоспарланған көлемі азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша қосымша шараларды енгізумен 15,5-тен 18 млн шаршы метрге дейін ұлғайтылды.

Осылайша, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында жалпы сомасы 339 млрд теңгеге 22 мыңнан астам пәтер сатып алу жоспарлануда. Сонымен қатар әкімдіктердің мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару арқылы 110 млрд теңге сомасына 10 мың несиелік пәтер салу жоспарлануда. «6 сәуірде Президент қол қойған кәсіпкерлік мәселелері туралы заң жобасы аясында әкімдіктерге нарықта несиелік тұрғын үй салуға ғана емес, сонымен қатар сатып алуға да құқық берілді, бұл қаражат айналымы арқасында тұрғын үй көлемін жыл сайын ұлғайтуға мүмкіндік береді» деді министр. Бұл ретте 7 мыңға жуық несие беруге жылдық 2 және 5 пайыздық мөлшерлememен жеңілдетілген ипотека беруге 81 млрд теңге бөлінген. 9 пайыздық мөлшерлememен «Отау» ипотекалық бағдарламасы бойынша 150 млрд теңгеге 8 мың несие беру көзделген. 1 мамырдан бастап жаңа ипотекалық бағдарламаны іске қосу жоспарланып отыр, оның аясында 300 млрд теңгеге 12 мың несие беру жоспарлануда. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 100 млрд теңгеге 5 мыңға жуық несие беріледі. «Осылайша, биыл тұрғын үй құрылысын дамытуға 1 трлн теңгеден астам қаржы бөлінді, соның нәтижесінде 64 мың азамат тұрғын үй жағдайын жақсарта алады» деп сөзін түйіндеді Қ.Шарлапаев.

# ҚХА СЕССИЯСЫ ОНЛАЙН-ФОРМАТТА ӨТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының жаңадан тағайындалған орынбасарлары Юрий Шин мен Лугмар Буларовты құттықтап, олардың бірлікті нығайту, қоғамдық келісімді сақтау ісіндегі жауапты қызметіне сәттілік тіледі. ҚХА Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Марат Әзілханов Қасым-Жомарт Тоқаевқа бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалуы және Ассамблеяның XXXIII сессиясына дайындық барысы жөнінде есеп берді.

Президент еліміздің бірқатар өңірінде су тасқыны салдарынан қалыптасқан күрделі жағдайды ескере отырып, ҚХА сессиясын онлайн-форматта өткізу туралы шешім қабылдағанын жеткізді. Шараға Ассамблеяның аймақтардағы мүшелері онлайн режимде қатысады. Мемлекет басшысы табиғи апаттан зардап шеккен азаматтарға көмек көрсетуге Қазақстан халқы Ассамблеясы зор үлес қосқанын айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблея жұмысын одан әрі жетілдіру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.



# ҚОНЫСТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Астанадағы құрылысы 13 жылға созылған «Триумф Сити» тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталып, үлескерлер баспаналы болды. Бұл туралы қала басшысы Жеңіс Қасымбек мәлім етті.

«Құрылысы ұзаққа созылған тағы бір тұрғын үй кешені салынып бітті. «Триумф Сити» тұрғын үй кешенінің құрылысы сонау 2011 жылы басталған. 13 жылдан кейін көпқабатты тұрғын үй кешенінің 1-кезегінің үлескерлері баспаналы болды. Қазір абаттандыру жұмысы жүріп жатыр. «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС тарапынан осы үйдің құрылысын аяқтау, құжаттарын ретке келтіру бойынша ауқымды жүйелі жұмыс жүргізілді. Ал екінші-үшінші кезектің тұрғындары жақын арада пәтерлерінің кілтін алады деп жоспарланып отыр» деп жазды Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әкім бүгінге дейін мемлекеттің қолдауының арқасында құрылысы ұзаққа созылған 140-тан астам тұрғын үй кешенінің пайдалануға берілгенін айтты. «Осылайша 15,5 мыңға жуық үлескер отбасының проблемасы шешілді. Биылға құрылысы ұзаққа созылған 10 үй қалды. Олардың бір бөлігінде жұмыс аяқталды, ал қалғанын осы жылдың маусым айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Әрбір нысан бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары бар. Құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуы Мемлекет басшысының бақылауында» деп түсіндірді қала басшысы.



# ЖАЛҒЫЗ БӨГЕТ ТАСҚЫНҒА ДАЙЫН

Мәслихат депутаттары, Amanat партиясының елордалық филиалы жанындағы өңірлік даму мәселелері жөніндегі экологиялық кеңес мүшелері су қоймаларының жай-күйін тексерді. Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Астанадан полигондарға барлығы 4,4 млн текше метр қар шығарылды.

Елордалық су қоймасында «Қазгидромет» күткеннен 2,5 есе көп су жиналғанына қарамастан, «Нұра – Есіл» каналы мен «Майбалық» көлі арасында орналасқан канал қардан тазартылды, су қоймасы мен Астанадағы жалғыз бөгет су тасқыны маусымына тиісті түрде дайындалды. Су тасқыны жағдайын, су көлемін, бөгет пен су қоймасының жай-күйін бақылауда ұстайтын жұмыс тобы құрылды» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.



# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ҚАЙДА АШЫЛАДЫ?

Биыл қала басшылығы 170-ке жуық аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жоспарын жасаған. Бұл туралы елорда әкімі Жеңіс Қасымбек ақпарат таратты.

«Ауа райы жылынғаннан кейін елордамызды көркейту бойынша ауқымды жұмыс басталып кетті. Нақтырақ айтқанда, абаттандыру және көгалдандыру, жол жөндеу және салу, санитарлық тазалау, жөндеу-қалпына келтіру жұмысы және т.б. Биыл 170-ке жуық аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Сол сияқты жоспарымыз бойынша, 1 миллион жасыл желек отырғызылады. Мәселен, Ұлытау аллеясын, Мәңгілік ел, Тәуелсіздік даңғылдарын ауқымды деңгейде абаттандырып, көгалдандырамыз. Сондай-ақ «Қазақ елі» алаңын, «Мыңжылдық» аллеясын, Жүргенов аллеясындағы гүлзарды, «Керуен» СОО жанындағы гүлзарды және т.б. абаттандырамыз. Сонымен қатар, ескі вокзал мен оған іргелес Гете мен Біржан сал көшелерінің аумағы абаттандырумен қамтылады. Жағалау шағын ауданы да кешенді абаттандырылады. Бұған қоса, Ақбұлақ жағалауы, Президент



саябағы және «Бейбітшілік пен келісім» саябағы енетін Есіл өзенінің бойындағы саябақ кластерін абаттандыруды жоспарлап отырмыз.

Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмысы барлық ауданда, оның ішінде елді мекендерде де жүргізіледі» деп жазды әкім әлеуметтік желідегі парақшасында.

Сондай-ақ әкім биыл 50-ден астам көшені жөндеу жоспарланғанын жеткізді. «Тағы 200-ден астам көше ағымдағы жөндеумен қамтылады. Сонымен қатар, күнделікті негізде жөндеу-қалпына келтіру жұмысы, санитарлық тазалау, экоакция және тағы басқалар жүргізіліп жатыр» деп жалғады сөзін Жеңіс Қасымбек.

# ДЕЦЕНТРАЛИЗАЦИЯ КЕРЕК

Апат айтып келмейді. Дәл қазір еліміз – ел аман, жұрт тыныштa терең әлеуметтік дағдарысқа тап болды. Дайын болмаған кезде келген топан су – Қазақстандағы 30 жыл бойы қалыптасқан даңғазалық, волюнтаризм мен көзбояушылықтың шынайы көрінісі. Бұл – факт!

Бұл оқыс оқиға еліміздегі жергілікті басқарудағы жүйелі проблемалардың бар екенін айқын көрсетті. Бізге аудандық, ауылдық деңгейдегі мемлекеттік басқарудың басымдықтарын қайта қарау маңызды. Мысалы, облыс, аудан әкімшіліктеріне қосымша құзырет бере отырып, инфрақұрылым, халық шаруашылығын ұтымды реттеу үшін шаруашылық бағыттағы децентрализация қажет. Әрбір әкім өңірдің коммуналдық-шаруашылық мәселелерін реттеу үшін, дербес шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуы тиіс. Ең кемі, олардың дербес иелігінде коммуналдық техника мен шаруашылыққа бағытталған арнайы өз тікелей бюджеті болуы тиіс. Инфрақұрылым, тазалық, жергілікті жолдарды салу-жөндеу, кішігірім плотина, тоғам, ирригация жүйелерін салып, жөндеу мәселелері бойынша әкімдіктерге қосымша құзырет беру маңызды.

Қазір аудандық әкімдер шешім қабылдаудан қорқады. Өйткені тапжылып кетсе, ертеңінде прокуратура, құзырлы органдар келеді. Соның салдарынан, бүгінгі жағдайда мемлекет жүздеген миллиард шығынға батып отыр. Сондықтан, қоғамдық бақылау тетіктерін күшейтіп, мәслихаттардың рөлін арттыра отырып, әкімдерге тиімді әрі ашық жұмыс істеуге жағдай жасау қажет.

Құзыретті күшейте отырып, бюджеттік бағдарламаларды да беру қажет. Қазір кей кездері құзырет болса да, аймақтарда бюджеттік бағдарлама жоқ болғандықтан, Қаржы министрлігі тиісінше қаржы бермейді. Оған қоса, жергілікті мәселеге аудан немесе ауыл әкімі тікелей жауапты. Бірақ, ең шалғай ауылдағы бөгеттер мен тоғандар «ҚазСуШар»-дың балансында. Қазақстанның басым көпшілігінің облыс, аудан, алыс ауылдардағы кішкентай тоған, бөгет, гидроузелдердің барлығы солардың меншігіне өткен. Ал «ҚазСуШардың» аудандық деңгейде шаруашылықты дөңгелетіп әкетуге мұршасы жетпейді. Техникасы да, адамдары да жоқ.

Су шаруашылығы саласында аудандық, облыстық деңгейде су ресурстарын басқаратын коммуналдық кәсіпорындар ашу керек. Жергілікті аудандық коммуналдық кәсіпорын жергілікті маңызы бар тоған, бөгет, гидроузелдерді өз балансына алуы қажет. Жергілікті атқарушы органдарға тиісті бюджеттік бағдарламалар ашылуы маңызды. Оларды қажетті техника, білікті кадрлармен қамтамасыз етіп, жергілікті гидро-құрылымдарды дамытуға күш салу қажет. «ҚазСуШар» республикалық деңгейде стратегиялық маңызы бар нысандарды ғана басқаруы тиіс.

**Ерлан САИРОВ,**
**Мәжіліс депутаты**



# ӘЛМҰҚАН ӘЛЕМІН ӘСПЕТТЕДІ

Астана қаласының Мемлекеттік архивінде Ақмоладан шыққан Екінші дүниежүзілік соғыс батырларының бірі, «Даңқ» орденінің толық иегері Әлмұқан Сембиновтің 100 жылдығына орай «Ерлігі ұрпаққа ұран» атты дөңгелек үстел отырысы мен елорда архиві қорындағы батырдың фотосуреттері мен құжаттары көрмесі өтті.

Амангали ҚАЛЖАНОВ

Жиынды ашқан қалалық архив директоры Жангелді Бимолдин аталмыш іс-шараның мән-маңызына тоқталып, Әлмұқан Сембинов сынды батырлардың ерлігі ұрпаққа отаншылдықтың үлгісіндей болып, әлі күнге дейін ел жадында екенін атап өтті. Сонымен қатар биыл Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың да 100 жылдығы екенін еске салды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр сөзінде Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлерін құрметтеуді айтады. Бүгінгі іс-шараны Президент саясатын қолдау ретінде өткізіп отырмыз. Келесі жылы Жеңістің 80 жылдығына орай Әлмұқан Сембинов туралы жеке жинақ шығаруды жоспарлап қойдық» деді Жангелді Бимолдин.

Қорғаныс министрлігі Ұлттық ұлттық қорғаныс университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Асқар Макипов Әлмұқан Сембиновтің өмір жолына тоқталды. Ақмола облысында туған Әлмұқан Оспанұлы соғысқа 18 жасты толтырмай отырып, 1942 жылдың ақпанында аттанды. Соғыс қимылдарына 1943 жылдан бастап қатысты. 1 және 3-Беларусь майдандарында, 1210-атқыштар полкінің 362-Қызыл тулы, Суворов орденді дивизия құрамында жаумен шайқасты. Қарапайым барлаушыдан барлау взводының командирі дәрежесіне дейін жетті. Соғыстан кейін Ақмолаға оралып, қалалық партия комитетінде еңбектеніп, қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Ақмола – Павлодар теміржолы құрылысы бөлім басшысының орынбасары, құрылыс техникумының директоры болып, Көлік жолдары министрлігінің оқу комбинатын басқарды. Бейбіт өмірдегі еңбегі үшін «Қызыл ту» орденімен марапатталды. Целиноград қаласының Құрметті азаматы атанып, қалада оның атына көше берілді.

Астана қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев дөңгелек үстел отырысының тәрбиелік мәні туралы айтып өтті. Жиынға Әлмұқан Сембиновтің туысқандары мен ұрпақтары да қатысты. Батырдың туған қарындасы Мария Сембинованың қызы Бақыт Алтаева нағашысы туралы анасының айтуынан ғана білетінін, себебі ол өмірден өткенде кішкентай бала болғанын жеткізді. Батырдың отбасына тоқталды.

Әлмұқан Сембиновтің Римма, Фатима және Ирина атты үш қызы болған. Үшеуі де өмірден өтіп кетті. Өкініштісі, батырдың кіндігінен ұл өрбімеді.

Батырдың үлкен қызы Риммадан туған немересі Руслана Клименко атасы аңшылыққа, балық аулауға құмар болғанын, өзін кішкентайында аң аулауға апарғанын айтып өтіп, әжесі мен атасы арасындағы махаббатқа, сыйластыққа тоқталды.

«Атам өте мейірімді жан еді. Қолы ашық болып, жан адамнан ештеңесін аямай, қамқорлық танытатын. Мәскеудегі Илу тауында (Поклонная гора) мемориалдық тақта бар. Атамның да есімі онда қашап жазылған» деді немересі.

Астана қаласы Қорғаныс істері департаменті өкілі, запастағы полковник Ғани Артықов өскелең ұрпақтың тәрбиесіне тоқталып, департамент тарапынан Отан қорғаушылар және Жеңіс күні мерекелеріне орай алда ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталды. Жиынға басқа да қатысушылар мәнді, мағыналы әңгіме өрбітті.

Отырыста Әлмұқан Сембинов есімін елдің есінде мәңгі қалдыру мақсатында бірқатар ұсыныстар айтылды. Соның ішінде Астана қаласы Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі Амангелді Әшіров Әлмұқан Сембинов атында медаль тағайындауды, бюст орнатуды, қаладағы құрылыс техникумының алғашқы директоры болғанын ескеріп, елордадағы политехникалық колледжге атын беруді ұсынды.



# СПОРТШЫЛАР ДА АТСАЛЫСТЫ

«Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы «Жасыл аймақ» апталығымен жалғасты. Оған спортшылар қатысып, ағаш отырғызуға, екпелерді ақтауға атсалысты.

№5 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің аумағында спортшылар, жаттықтырушылар мен спорт ұйымдарының қызметкерлері ағаш отырғызды.

Гиннес рекордтар кітабына есімі енген спортшы, Қазақстанның алты дүркін рекордшысы Сергей Цырульников қала тұрғындарын экологиялық акциясына белсенді қатысуға шақырды.

– Әрбір адам өзінің тұрғылықты жеріне жауапкершілікпен қарап, абаттандыру мен көгалдандыруға қатысуы тиіс. Бұл тек тазалық пен тәртіпке ғана емес, сонымен бірге өзіміз бірге жасаған құндылықтарға ұқыпты қарауға да қатысты. Өзіміз отырғызған көшеттердің тамыр жайып, көктеп кетуіне мүдделік танытып, үнемі суарып, тазалық жұмыстарына көңіл бөлуіміз керек. Барша асталықтарды игілікті іске бет бұруға шақырамын, – деді Қазақстанға еңбек сіңірген спорт шебері, бокстан әлем және Азия чемпионы Мерей Ақшалов.

Экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріз желілері, көшелерді, тротуарларды, орамішілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою және тағы басқа жұмыстар жүргізілуде.



# «ЖАСЫЛ АЙМАҚ» ЭКОАПТАЛЫҒЫ ӨТЕДІ

Астанада «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық науқан жалғасуда. «Жасыл аймақ» ұранымен өтіп жатқан осы апта ағаш отырғызуға, екпелерді ақтауға арналады.

Оған қала тұрғындары, еңбек ұжымдары, мәдениет және спорт қайраткерлері, мемлекеттік органдардың қызметкерлері, шағын және орта бизнес субъектілері (базарлар, сауда-ойын-сауық орталықтары, кафелер, мейрамханалар және басқалар), еріктілер, оқушылар мен студенттер, МИБ (ПИК) және басқалар қатысады.

Елорда тұрғындары эко іс-шараларға белсенді қатысады және әрбір тұрғын елордада тазалық пен тәртіпті қамтамасыз етуге өз үлесін қосады. Азаматтар бүкіл кіреберістер мен өз аулаларын таза ету үшін шығады.

Осы экоапта аясында елордада 30-дан астам іс-шара өткізу жоспарланған, жыл соңына дейін 1 млн-ға жуық жасыл желек отырғызу жоспарлануда.

– Біз апта сайын ауламызды тазалауға барамыз. Бұл – дәстүрге айналды, әр демалыс сайын көршілермен жиналып, ауланың аумағын қоқыстардан тазартып, аумақты абаттандыру. Қаладағы тазалық көбінесе қала тұрғындарының мінез-құлық мәдениетіне байланысты. Біз бәріміз әдемі, таза қалада өмір сүргенді ұнатамыз. Ал өз қаламызды таза, әдемі және жайлы ету үшін әрқайсымыз тазалық пен тәртіптің қарапайым ережелерін талап етеміз, – деді Сарыарқа ауданының тұрғыны Айжан Бекбаева.

Ауқымды экоакция шеңберінде қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріз желілері, көшелерді, тротуарларды, орамішілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу, сауда объектілеріне іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою және т.б. жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ экоакцияға қатысушылар арасында фитнес-клубқа үш абонементке конкурс өткізіледі. Оған кез келген адам қатыса алады. Ол үшін: Instagram-дағы Астана әкімдігінің ресми аккаунтына (@akimat_astana) жазылу, Instagram-дағы экоакциядан түпнұсқа видеосын жариялау және оны #тазаастана, #экоакцияастана хэштегтерімен (жарияланым болуы керек, stories емес) белгілеу қажет.

Елордада ауқымды экологиялық жұмыстар жалғасуда.

# ЖАСЫЛ БЕЛДЕУГЕ 700 ҚЫРҒАУЫЛ ЖІБЕРІЛДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Ведомствода атап өткендей, қаланың жасыл аймағының аумағына жыл сайын 1800 бас қырғауыл жіберу жоспарлануда.

Астана қаласы Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының жасыл қор мен қалайлы ортаны реттеу бөлімінің жетекшісі Азамат Жанатаев бүгінгі таңда жасыл белдеудің аумағында қояндар, түлкілер, қасқырлар тұқымдасы, ал құстардан – кекіліктер, фундуктар, қырғауылдар мекендейтінін атап өтті.

– 2024 жылы Астана іргесіндегі жасыл белдеуге 1800 қырғауыл ұшыру жоспарланып отыр. Оның 700-і жіберілді, 150-і маусым айында, қалған 950-і қыркүйекте ұшырылады, – деді Азамат Жанатаев.

Жануарларды «Астана орманы» ЖШС орманшылары үнемі бақылауда ұстайды, қажет болған жағдайда қыста қосымша азықтандыру жүзеге асырылады.

– Қырғауылдар аязға шыдамды, олар ерекше күтімді қажет етпейді, тек қыста азықтандыру керек. Табиғаттағы қырғауылдардың қоректенуі, негізінен, өсімдік тағамдарынан тұрады, тұқымдар, жидектер, тамырлар және өсімдіктердің жасыл бөліктері, бірақ мүмкін болса, олар жануарлардың жемімен – жәндіктермен және олардың личинкаларымен, өрмекшілермен, құрттармен, моллюскалармен қоректенеді, – деді Азамат Жанатаев.

Жасанды орман флорасын құру фаунаның дамуымен қатар жүруі керек. Сондықтан қырғауылдарды өсірудің негізгі мақсаты – оларды елордадың жасанды түрде құрылған жасыл белдеуінің аумағында жерсіндіру.

Бұл жағдайда жаңа аумақтарды қоныстандыру және орманға зиянды жәндіктердің көп мөлшерін жою арқылы қырғауылдардың тіршілік ету ортасын кеңейтуге қол жеткізіледі. Жасанды түрде өсірілген қырғауылдарды табиғи саябақтар мен жасыл аймақтарға жіберу арқылы эстетикалық мақсатта пайдалануға болады.



# МӘСЛИХАТ МЕКТЕБІ – ӨМІРІМНІҢ ЕҢ ҚЫМБАТ КЕЗЕҢІ



Астаналық алтын дәрігер Надежда Петухованы білмейтін адам кемде-кем. Сонау 1977 жылы Целиноград мемлекеттік медициналық институтын бітірген соң еңбек жолын қалалық балалар ауруханасында педиатр-дәрігер болып бастап, Мәжіліс депутатына дейін адал еңбегімен көтерілді. Өмірінің 24 жылын (1988-2012) Астана қаласындағы №1 балалар ауруханасын аяқтан тұрғызуға, дамытуға арнады. Ол – үш мәрте Астана қалалық мәслихатының депутаты болып, мәслихат мектебінен Мәжіліс депутаты дәрежесіне жеткен жігерлі жан. Астана қаласының құрметті азаматы. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері. Жоғары санаттағы дәрігер, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының үздігі, «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері. Надежда Михайловнамен Amanat партиясының қалалық кеңсесінің ғимаратындағы жиналыстардың бірінен кейін жүздестік. Жасы 70-тен асса да, елорда медицинасының дамуына үлесімді қоссам деп, тыным таппай жүрген бақытты адаммен мәслихаттың тарихы, елорданың қалыптасуы, адам мен ел бақыты туралы аз-кем әңгіме-дүкен құрдық.

### ЕЛОРДА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ БАСТАУЫНДА ТҰРДЫ

**– Надежда Михайловна, сіз Астана қаласының үш шақырылымында бірдей (1999-2003; 2003-2007; 2009-2012) мәслихат депутаты болдыңыз. Тура 25 жылға артқа шегініс жасап, елорданың Астанаға көшкен кезеңіне оралайықшы. Сіздер, алғашқы мәслихат депутаттары елорда құрылысының бастауында тұрдыңыздар ғой.**

– Иә, дұрыс айтасыз. 1999 жылы 10-24 қазанда Астана қаласының екінші шақырылымдағы мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. 25 сайлау округінен 147 үміткер ұсынылды. 37 үміткер саяси партиялардың өкілдері болды. Соның ішінде екінші шақырылымға сайланған 25 депутаттың қатарында 7 әйел, 18 ер адам болды, 10 депутат «Отан» республикалық саяси партиясының мүшелері едік. Әлі есімде, 25 депутаттың ішінде 5-еуі – дәрігер, 3-еуі – педагог, 12-сі коммерциялық құрылымдардың жұмысшылары болды. Екінші шақырылымдағы депутаттардың қызметі жас астананың белсенді құрылысының кезеңімен, экономикалық және әлеуметтік реформаларды жүргізумен тұспа-тұс келді. Елорда құрылысының бастауында тұрдық. Сол кездегі сессияларда астананы абаттандыру, тұрғын үй құрылысы, жолдарды жөндеу, тиісті инфрақұрылымды әзірлеу мәселелерін шешумен айналыстық. Тарихи оқиғаның бірі – Астана қаласы мәслихатының 2001 жылғы 23 мамырдағы шешімімен жапон сәулетшісі Кисе Куракаваның басшылығымен жапон халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттік зерттеушілер тобы жасаған Астана қаласын дамытудың бас жоспары мақұлданып, бекітілді. Біз ол кезеңде елорда тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға, астаналықтардың әл-ауқатының деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік және экономикалық бағдарламаларды бекіттік. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жөніндегі бағдарламалар өте маңызды болатын. Ең алдымен мектептер, ауруханалар және әлеуметтік мекемелер салу қажет еді. Соның бәріне куә болдық. Мысалы, 1999 жылы Көкталда (ол кезде Киров совхозы) қарттар үйі салынды. Ол кезде қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері болып жұмыс істедім. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы деңгейі төмен еді. Сол себептен, халықтың өмір сүру жағдайларын жақсарту туралы талабы жоғары болды. Мәслихат депутаты болуға адамдардың құлығы да, ықыласы да жоқ еді. Тіпті депутат дегеннің кім екенін, не істейтінін де білмедік. Бір өкінішті жағдай, қазір жұрттың көпшілігі мәслихатқа, Мәжіліске депутат болуға ұмтылады. Олардың барлығы лайықты емес, әрине. Сонда да жанталасады. Алдымен бір партиядан үміткер болады, одан өтпейді. Екінші бір партияға мүше болып, тағы бағын сынап, өте алмайды. Одан үшінші партияға барады. Олардың ойы – қалай болса да Парламентке депутат болу. Менің ойымша, мұндай саясаттың, елдік мүдденің жолына түсу үшін әр адамның қандай да бір идеологиялық тұғырнамасы болуы керек. Содан кейін депутат болып сайланған адам өз міндеттерін мүлтіксіз орындап, халыққа берген уәдесінде тұруы тиіс.

**– Ал сіз қалай депутат болып сайландыңыз? Ауруханадағы қызметкерлеріңіз ғана дауыс берді ме? Әлде аурухананың емделушілері сізді танитын ба еді?**

– Ол кездегі мен басқарған көпбейінді аурухананың аумағы да үлкен болатын. Құрамына 7 емхана, 2 стационар, сүт өнімдерінің асханасы, реабилитация орталығы кіретін. Мекемеде 1200 қызметкер еңбек етті. Ол жылдарда қаражат тапшы болғандықтан, жұмысшылар уақытында жалақы алмайтын, ауруханада дәрі-дәрмек, жұмсақ жиһаз, құрал-жабдық жетіспейтін-ді. Жоқшылық пен тапшылық жұмысымызды қиындатқанымен, қол қусырып қарап отырған жоқпыз. Тіпті маған депутат болуға ұсыныс жасалғанда сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмысын жүргізбедім. Өйткені менің қолым бос болмады, күнделікті науқастарды емдеу, аурухананы қиыншылықтан шығару деген нәрселерге бірінші кезекте көңіл бөлдім. Партияға мүше болғанымнан ұсыныстан бас тарта алмадым. Кейінірек көзімнің анық жеткені, өз кәсібіңді жетік меңгерсең, кәсіби шеберлігің мен өз ісіңе деген сүйіспеншілігің бір арнаға тоғысқанда ғана жақсы бір нәтижеге жете алатының анық. Мұндай жетістік қандай да бір қоғамдық жұмыспен айналысатын кезде немесе жергілікті өкілетті құрылымға заңнамалық жұмысқа барған кезде өте маңызды рөл ойнайтынын басымнан кештім.

### ДЕПУТАТТАР БЕЛСЕНДІ БОЛДЫ

**– Надежда Михайловна, сіз үш шақырылымда әртүрлі әкімдермен жұмыс істедіңіз. Қала басшыларының депутат беделін, мәртебесін көтеруге ықыласы қандай болды?**

– Орынды сұрақ қойдыңыз. Астананың алғашқы әкімі Әділбек Жақсыбековтен бастап барлық әкімдер мәслихат депутаттарының беделін, мәртебесін көтеруге атсалысты. Мысалы, мәслихат депутаттары қаланы абаттандыру, тұрғын үйлерді бөлу, жер учаскелерін бөлу сияқты барлық құзыретті комиссиялардың жұмысына қатысатын болды.

**– Ал үшінші шақырылымдағы мәслихат несімен есіңізде қалды? Егер жаңылмасам, 2004 жылы «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» заң қабылданды емес пе? Бұл заңның депутаттық корпусқа қандай да бір жағымды әсері болды ма?**

– 2003 жылы 20 қыркүйек – 12 қазан аралығында Астана қаласы үшінші шақырылымдағы мәслихат депутаттарының сайлауы өтті. 25 сайлау округінен үміткер болған 177 адамның 54-і саяси партиялардың мүшелері болды. 117 адам өзін-өзі ұсынды. Сайланған 25 адамның 12-сі – бұрынғы шақырылымның депутаттары. Сіз тілге тиек еткен заңға енгізілген түзетулер мәслихаттың өкілеттігін нақтылай түсті. Депутаттық корпусқа жергілікті өзін-өзі басқару саласындағы күрделі мәселелерді шешуге қосымша мүмкіндіктер пайда болды. Ең бастысы, астаналықтар депутаттардың көмегіне белсенді түрде жүгініп, өз мұң-мұқтажын ашық айта бастады. Біздің қаладағы ішкі саяси тұрақтылық пен ұлт бірлігі, заңдылық пен қоғамдық тәртіпті нығайту бағдарламаларының орындалуына бақылау жасау құзыретіміз кеңейді. Осы шақырылымда бірқатар маңызды бағдарламалар бекітілді. Олардың қатарында: 2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамытуға арналған бағдарлама, Астанада қоғамдық тәртіп пен құқықтық мәдениетті қамтамасыз ету жөніндегі бағдарлама бар. Сондай-ақ елордадағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету ережесі, абаттандыру, санитарлық жабдықтау, жинау жұмыстарын ұйымдастыру және Астана аумағында тазалықты қамтамасыз ету қағидалары, жасыл көшеттерді күтіп ұстау мен қорғау қағидалары бекітілді. Жалпы алғанда, осы шақырылымдағы 51-сессияда 413 мәселе қаралды. Елорданы әлеуметтік-экономикалық жағынан дамытуға арналған 33 өңірлік бағдарлама бекітілді. Тағы бір тарихи шешім, Астана қаласы әкімдігі мен мәслихатының 2008 жылғы 7 желтоқсандағы бірлескене шешімімен 6 шілде – Астана күні болып белгіленді. Мұның бәрі қазір тарих болып отыр.

### ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕНІҢ БӘРІ ӨЗЕКТІ

**– Қалалық мәслихатта қызмет еткен жылдарыңыз, айларыңыз бен күндеріңіз сіз үшін бақытты шақтарға толы кезең бе, әлде, өміріңіздегі қиыншылығы көп қайтып оралғыңыз келмейтін кезең бе?**

– Әрине, бұл жылдарда мен сияқты қаншама адамның елге, елордаға сіңірген еңбегі, жұмысының қолтаңбасы бар. Бұл бір ғана адамның қолынан келетін іс емес. Десек те мәслихат мектебі менің өмірімнің ең қымбат кезеңі дер едім. Бұл – тек саяси ғана мектеп емес, сондай-ақ адамдарды танып-білудің, қарапайым халықпен дұрыс, шынайы қарым-қатынас жасауды үйренудің үлкен мектебі. Адами бақытымды осы қаладан таптым. Ол – өзім сияқты адамдармен арадағы ізгі қарым-қатынас, достық сезім. Бір ғана мысал айтайын. Өзім қарапайым тұрғындарды қабылдаған кезде денсаулық сақтау саласына қатысты қаншама түйткілдерді, мәселелерді көзіммен көрдім. Сол себептен адамдар шағымданып, өзінің хал-ахуалын түсінеді және көмектеседі деп үмітпен алдыма келіп тұрғанда бірден сол мәселені шешетін іс-әрекеттерге көшетінмін. Өйткені министрлердің бұйрығы барлық өзекті мәселені шешпейді. Керісінше, жергілікті жерлердегі түйткілдерді сол өңірден депутат болып сайланған, халық сенім артқан адамдар тез шешеді. Осыған толық көзім жетті.

**– Сіз мәслихатта жиыптерген мол тәжірибеңізбен Мәжіліске де депутат болып сайланып, 4 жыл жоғары заң шығарушы органда қызмет еттіңіз. Мәслихат мектебі сізге кәсіби маман, білікті дәрігер, халықтың сенімді өкілі ретінде өсуіңізге не берді?**

– Бір жайшылықта назар аудармайтын нәрселер бар. Мысалы, мәслихатта қаралатын мәселенің бәрі өзекті. Мен мәслихат депутаты ретінде халықты қабылдаған кезде адамдар кабинетіме кіре алмай, ұзын-сонар кезекке тұратын. Тіпті көп күтуге шыдамы таусылғандар: «Петухова қайда?» деп айқайлайтын-ды. «Осы сені неге жұрт көп іздейді?», «Басқа депутаттарға неге жазылмайды?» деп сұрағандарда: «Өйткені мен жергілікті тұрғынмын» деп жымиып жауап беретінмін. Расында да, маған арыз-шағымымен келген адамдардың мәселесін тезірек шешу үшін, үстелімде тұрған телефон тұтқасын көтеріп, құзырлы басқарма басшысына хабарласып, лезде жауабын айтатынмын. Жергілікті басқармалардың басшылары мені жақсы танитындықтан, әр сұрағыма жауап беріп, тіпті болмай жатса, бір аптада шешімін жеткізетін. Мұның бәрі – өмірлік тәжірибемен келетін құрмет. Осындай жергілікті жерде шынығып, жан-жақты дамып-жетілген адам жоғары тұрған заң шығаруға органға барса, оңай игеріп әкетеді. Меніңше, Парламентке депутат болып сайланатын адамдар әуелі жергілікті жерден тәжірибе жинақтағаны абзал. Мұндай тәжірибе өсуге мүмкіндік береді. 30 жылда қалалық мәслихат кәсіби жағынан толық жетілудің, өсіп-өркендеудің жолымен жүріп өтті. Қыруар жұмыс атқарылды. Өз басым алғашқы шақырылымдарда мәслихатта қалыптасқан ізгі дәстүрлер сақталғанын қалаймын. Барлық әріптестерімді, астаналықтарды мәслихаттың 30 жылдығымен құттықтаймын! Еліміз аман болып, елордамыз көркейе берсін!

**Сұхбаттасқан**
**Төлен ТІЛЕУБАЙ**

# ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУҒА ШАҚЫРАДЫ

Астана қаласы мәслихаты №11 округінің депутаты Азамат Орынбасаров «Құстарға өз қолыңмен ұя жаса!» акциясы аясында «Жетісу» саябағында оқушылармен бірге ағаштарға құстардың ұясын іліп, айналаның тазалығына атсалысты.




– Мемлекет басшысының тапсырмасымен басталған республикалық «Таза Қазақстан: Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экология акциясы аясында қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді. Бұл барлығымызға жүктелген міндет деп есептеймін. Акция аясында тазалық пен көгалдандыру бағытында көп жұмыс атқарылуда. Оған қалалық мәслихат депутаттарымен бірге Астана қаласы әкімдіктерінің қызметкерлері, еріктілер және елорда тұрғындары өз үлесін қосып келеді. Қала экологиясының таза болуы туристер үшін де өте қолайлы. Елорданың әдемілігі мен тазалығын сақтау жолындағы осындай игі істер әрдайым өскелең ұрпаққа үлгі болады деп есептеймін. Сол үшін барлық тұрғынды қаланың тазалығы мен тәртібін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуға шақырамын, – деді депутат.

Есіл ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен іс-шараға елордадағы Шейх Халиф бен Заид әл-Нахаян атындағы №84 мектеп-лицейдің 24 оқушысы ата-анасымен қатысты. Олар саябақта құстардың тұрақтап, қалалықтар көңілін әсем әуенімен қуантып тұрсын деген ниетпен ұя жасап, оны ағаштарға ілді.

Осы мектептің 5-сынып оқушысы Іңкәр Әбдірахман табиғатты ерекше жақсы көреді, жануарлар мен құстарды аялау керегін, оларға қамқорлық жасайтынын жеткізді.

– Мектебімізде әр оқу жылында «Құстарға қамқорлық жасайық!» тақырыбында тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылады. Соған біз отбасымызбен әрқашан қатысамыз. Әкеммен құстарға арнап ұя жасап әкелдім. Құстар – біздің досымыз, сондықтан оларға ұя жасап, қамқорлық танытуды ұмытпауымыз керек, – деді оқушы.



Қаладағы №84 мектеп-лицей директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Алтынгүл Қайратбаеваның айтуынша, бұл іс-шараны ұйымдастырудағы басты мақсат – балаларды отансүйгіштікке, табиғатты аялауға, сондай-ақ «Астана – таза өлке» деген шара аясында өзінің жүрген, тұрған жерін таза ұстауға үйрету.

Айгүл УАЙС

# ӘКЕ – ОТБАСЫ ТІРЕГІ



Астана қаласы Әкелер қауымдастығының төрағасы Бекдайыр Күзембайдың айтуынша, бүгінгі күнде әкенің отбасындағы орны құлдырап бара жатыр. Сол себепті де әкелер институтын дамыту, олардың отбасындағы рөлін арттыру, дәстүрлі отбасылық негіздерін нығайту, балаларды бірлесіп тәрбиелеудің, парасатты да саналы әке болудың жолын насихаттау қолға алынды. Бүгінгі күнде балалар мен әкелердің құқықтарын қорғауда қауымдастық болып құрылып, өзіндей ұлтжанды мүдделестерін біріктіріп, игілікті жұмыстарды атқару үстінде.

Мұндай қажеттілік неден туындады дегенде, көптеген құндылықтардың кері шегінуі алдымен отбасы институына кері әсерін тигізуде дейді. Бүгінгі әкелер балалары үшін де, жалпы отбасы үшін жауапкершілікті көтеруге дайын емес. Нардың жүгін көтеретін қазақтың азаматтары азайып барады. Кесек тұлғалы, қайсар мінезді әкелеріміздің тәрбиесін көрген орта жастағылар өз ұлдарының бойынан әкелік табиғатты таба алмай дағдаруда. Жалпы әкенің бар сипатын ашатын «еркектік» бұл нағыз ер адамның бітім-болмысы еді. Аз сөзді, шаруақор, ештеңеден ықпайтын, ұсақ-түйектен биік тұратын. Ақыл-парасатына қарай айналасына қалқа болып, жақындарының өмірлерін қалыпты ететін тұрақтылықтың алтын қазығы екенін ұмытып барамыз дейді.

– Осыдан 12 жыл бұрын басталған Әкелер одағының құрылуына осы мәселелер түрткі болды. Ол кезде қалалық білім беру басқармасының басшысы Әсима Бимендинаның қолдауымен және сол жағалаудағы жалғыз мектеп №59 мектеп директорының дабыл қағуының арқасында, әкелер мектеп, бала тәрбиесіне араласып келеді, – дейді Бекдайыр Нығметұлы.

Оқиға былай былай өрбіген. Сол жылдары №59 мектептің оқушыларын сенбілікке алып шығады. Байқаса, 10-11 сынып оқушылары түгелімен күрек ұстау білмейді. Жер тырмалап көрмеген. Содан дабыл қағып «зіңгіттей жігіт болдыңдар, бес минуттан кейін мектеп бітіріп кетіп барасыңдар, ертең әскери міндетің тағы тұр. Мына түрлеріңмен Отаныңды қалай қорғайсыңдар?» деп сұрақтың астына алады. Осыған дейін еңкейіп көрмеген балалар сөз ұқпайды. Содан ата-аналар жиналысына әкелерін шақырады. Жиынға қоғам, мемлекет қайраткерлерін де шақырыпты. Бұл өте дұрыс, дер кезінде ұйымдастырылған жиын болады. Нәтижесінде Қуаныш Жұматаев деген жас жігіт әкелер тізгінін қолына алады. Былтыр Үкімет қаулысымен маусым айының екінші жексенбісі Әкелер күні болып белгіленді. Әкелер тұғырын көтеру, бала тәрбиесіне әкелердің қатысын белсендіру бұл қозғалыстың басты мақсаты деп танылды.

– Әкелерді мектеп қабырғасына тарту оңай шаруа емес. Мектепте ата-аналар жиналысы десе әкелері келмейді. Қалалық әкелер қауымдастығы жұмысын қолға алғанда өзімнің көзім талай жеткен. Осыдан төрт жылдай бұрын балаларым оқитын сегіз жүзден астам шәкірт білім алатын мектепте әкелер кеңесін ұйымдастырарда осындай шара өткізбекші болдық. Өз есебімізше, жүз шақты жалғызілікті тағы басқадай жағдайлары бар дегеннің өзінде жеті жүздей әке келуі тиіс. Сонда бар-жоғы жеті түйір әке келді. Ал не істейміз? Мұғалімдермен ақылдаса келе, әкелерді мектептегі спорт шараларын өткізу арқылы тарту керек деп шештік. Спорттық шара ретінде әр аптада бір рет тегін келіп ойнасын деп келістік. Артынан тәтті шәй береміз дедік. Осыдан кейін әкелер мектепке келер жолды тапты. Алдымен он адам, келесі жолы жиырма, отыз адам... Келген әкелерді жұмысқа тартып, тіркей бастадық. Ортақ чат аштық. Қозғалысты қолдаған 120 әкенің өзі дүниені дөңгелетіп жіберді. Он мың адамның жұмысын істеп жатыр. Бала тәрбиесіне өте жауапкершілікпен қарайтын азаматтар топтасты. Ал волейбол ойнау дәстүрімізге айналды. Ұстаздар шәй қояды. Бір күні шәйіңіздің қақысы болсын, не көмек бар дедік. Олар тек қана балаларыңызға ие болыңыздар, тәрбиелеңіздер, ұлттық құндылықты бойына сіңіріп, қазақ тіліне қатты мән беріңіздер деп өтінішин айтты. Содан бұл үрдіс елорда мектептеріне тарады. Былтыр әр мектепте әкелер академиясы ашылсын деген министр шешімі шықты. Қаладағы 170-тей білім ордаларының барлығында әкелер кеңесі құрылып, жұмысын жүргізе бастады. Оның бастауында біздің ізгі ниетіміздің болғанына қуанамын.

Яғни, бұл қажеттілік арқылы ер-азаматтың ең алдымен, өз балаларына қатысты тәрбие жұмыстарына араласып, баланың өсу жолындағы өзгерістерге қарай ықпалын арттырып, кейбір мәселелерді ұтымды шешуде әке беделін жақындата түседі. Осылайша өз рөлін жақсы түсінетін әкелердің тұлғасы қалыптасады. Өздерінің ұл-қыздарының ер-жетіп есейгеніне мән бермейтін, күнделікті тәрбиесіне араласпайтын, өз жауапкершілігіне бей-жай қарайтындардың санын азайтып, тіпті әкелік міндетінен бас тартқысы келетіндерге үлгі болып, оның жолын көрсетеді. Жауапты әке болуды, оны насихаттаудың қоғамдық қолдау тәжірибесі ерекше маңызға ие екенін де қауымдастық мүшелері жақсы түсінеді.



> Отбасы құрылымына негізделген әлеуметтік институт, жауапкершілік пен міндеттер, қажет десеңіз, елдің болашағын түзейтін үлкен сенім мен соған орай талап етілетін жүйенің жиынтығы. Бүгінде ер-азаматтар әкелік міндетті алдымен анасына, сосын балабақшадағы тәрбиешіге, түрлі қоғамдық ұйымдарға одан қалды мектеп мұғалімі, тағы сол сияқты тек өзінен басқасына іліп қойды. Әкелік шынайы қамқорлық, имандылыққа, үлкен өмірге баулуда бөтен адам өз әкесіндей бере алмайды

– Әкелерді бала тәрбиесіне белсене араласуына шақырар едім. Бірақ алдымен, өзін түземесе баласын түзей алмайды. Баяғыда бір әке сапарға шығып, баласына былай жүр, олай жүр деп көп ескертулер жасапты. Сонда баласы шыдамай: «Әке, өзіңіз байқаңызшы, мен сіздің ізіңізбен келе жатырмын ғой» деген екен. Жақсы әке әрқашанда өзінен бастап, ісі мен сөзіне өте мұқият болуы керек. Сүйікті жарымен, ағайын-туыс, көршісімен сыйласа білсе, ол отбасында үлкен азамат өсіп шығады деп сенемін. «Әкелік», «әке болу міндеті» әншейін әңгіме емес, бұл – «адамға ата-ана ретінде жүктелетін және ұлттық мәдениеттің жүйесі. Отбасы құрылымына негізделген әлеуметтік институт, жауапкершілік пен міндеттер, қажет десеңіз, елдің болашағын түзейтін үлкен сенім мен соған орай талап етілетін жүйенің жиынтығы. Бүгінде ер-азаматтар әкелік міндетті алдымен анасына, сосын балабақшадағы тәрбиешіге, түрлі қоғамдық ұйымдарға одан қалды мектеп мұғалімі тағы сол сияқты тек өзінен басқасына іліп қойды. Әкелік шынайы қамқорлық, имандылыққа, үлкен өмірге баулуда бөтен адам өз әкесіндей бере алмайды.

Үлгілі әке болу аса қиын емес. Өзімнің сыныптасым әрі әкелер қозғалысының белсенді мүшесі «Евразия» жақта тұрады. Айналасы тұрғын үйлер. Демалыс күндері ерінбейді, барлық ауланы аралап шығады. Аулада ойнап жүрген балалардан әкең қайда деп сұрап, бар болса телефонын сұрап, алып сөйлеседі. Баланың жақсы тәрбиелі мінезіне тәнті болса, алғысын айтады. Тентектігін көрсе, әкесіне «келіп қайтыңызшы» деп шақырып алып, қиыс кеткен жерін ескертеді. Бұл да өзіміздің баламыз үшін керек, өйткені бала ортада да тәрбие алады. Қол боста, демалыс күндері той тойлап жүргенше бір мезгіл аулаға шығып, балаларың кіммен ойнады, кіммен араласып, немен айналысып жүр оны да білуі керек.

Сонымен бірге №72 мектеп-лицейіндегі Қожахметов Шыңғысхан, Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі Қонақбаев Руслан, Зерде мамандандырылған мектептегі Шотбаев Мұхтар және №80 мектеп лицейіндегі Құспеков Жалғас басшылық етіп жүрген Әкелер одағының жұмысы да мақтауға тұрарлық.

Жақсы әкелер түрлі жарыстар, жасыл желек отырғызу, жасөспірімдер мен жастармен әскери-спорттық ойындар өткізу сияқты түрлі бұқаралық іс-шаралардың басында жүргені абзал. Бұл олардың есейе келе құмар ойындарға, алкогольдік немесе нашақорлыққа үйір болуының алдын алу немесе жолын кесіп, физикалық және психикалық денсаулығын сақтап, толыққанды азамат болып өсуіне ерекше әсер етеді. Отбасының түтіні түзу ұшып, шаңырақта үйлесім мен бақыт орнауы тұрақтылыққа, балалардың әлеуметтенуіне де, одан қалды әлеуметтік-психологиялық жағына да ықпалы болып, қоғамда орнын таппағандар саны азаяды.






# ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласы Есіл аудандық Ардагерлер кеңесінің кезекті алқа отырысы өтті. Жиын ұрпақтар сабақтастығын арқау еткен «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» атты тақырыпта ұйымдастырылды.

Аудандық Ардагерлер кеңесі алқасының мүшелері мен бастауыш ұйымдардың жетекшілері қатысқан отырыста күн тәртібіндегі тақырып бойынша Кәрім Мыңбаев атындағы № 59 мектептің ардагерлер ұйымының жетекшісі Дания Үсембаева мазмұнды баяндама жасады.

Баяндамашы өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтар мен ұлттық сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тіл мен діл, халықтар достығы секілді тәрбиені сіңіру жолында атқарылып жатқан істер жайында кеңінен баяндады.

Тәрбие отбасынан бастау алады. Отбасы құндылығы туралы түсініктерді, оны сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, олармен бірлесе отырып жас ұрпаққа біліммен қоса рухани жағынан да сапалы тәрбие беруге қоғам алдында жауапты екенін ұмытпауға міндеттейтінін, ұлағатты жұмыстар атқару – біздің негізгі ұстанымымыз, – деді білікті ұстаз.

Қаралып отырған мәселе бойынша жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы Салман Героев өз ойын ортаға салды. «Ардагерлер өздері жүріп өткен өмір жолындағы іс-тәжірибесін жастарға үйретуден жалықпайды. Олардың санасына ұлттық құндылықтармен қоса үлкенге құрмет, кішіге ізет, барлық ұлт өкілдері арасындағы шынайы қарым-қатынас пен достық көңілді қалыптастыру секілді тәрбиенің ажырамас бөлігіне айналдыру қажет» деп атап өтті.

Президиумның құрметті мүшесі, тыл ардагері Р.Г.Аблаков мемлекеттік тілге деген көзқарасты түбегейлі өзгертіп, оның қолдану аясын кеңейтіп дамыту да – ұлттық құндылықтың, тәрбиенің ажырамас бөлігі, – деп сөзін түйіндеді.

Сондай-ақ алқа мүшелері мен мәжіліске қатысып отырған М.Исажанов, М.Мырзабекова, М.Баймбетов, Х.Махмутов, З.Жакупова, Б.Рахманова, Қ.Аманбеков өз ойларын ортаға салып, №59 мектептің атқарып отырған істеріне ризашылық білдірді, ұрпақтар сабақтастығы секілді ешқашан маңызын жоймайтын мәселені дамыта түсуге шақырды.

Алқа жұмысын Есіл ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Рысты Атығаева қорытындылап, алдағы атқарылар істерге тоқталып, ардагерлерге сәттілік тіледі.

**Қарлығаш ҚҰСПАНОВА**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» Жолдауында «Су ресурстарының қолжетімділігі мен сапасы мәселесі өзекті болып қала береді. Ең алдымен, суды үнемдеудің озық технологияларын енгізуді жылына 150 мың гектарға дейін жеделдету қажет. Еріген судың жиналуы және оны айдау кезіндегі шығындар мәселесін шешу қажет, себебі бұл – біздің ішкі резервіміз. Ол үшін 20 жаңа су қоймасын салу және кемінде 15 қолданыстағы су қоймасын реконструкциялау, кемінде 3500 шақырым каналды жаңғырту және цифрландыру қажет» деп тапсырған еді.



# МЫҚТАМАСАҢ ҚОЙМАҢДЫ, ТАСҚЫН САЛАР ОЙРАНДЫ

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте «Астананы сумен қамтамасыз ету – өте маңызды міндет» деп баса айтқан Мемлекет басшысы «Қазір елорда Астана су қоймасына толық тәуелді болып отыр. Су алатын басқа жер жоқ. Бұл өте қауіпті. Кез келген сәтте оқыс оқиға болса, бүкіл қалаға қауіп төнуі мүмкін. Тұрғындар саны көбейіп, жаңа нысандар пайдалануға беріліп жатыр. Сондықтан су қоймасының қуаты алдағы бір-екі жылда сарқылып бітетіні анық. Қойманың түбін тазалап, оны тереңдету керек. Астана су қоймасының бөгетін толық тексеріп, нығайту қажет. Оған Сәтбаев каналынан судың тұрақты келіп тұруын қамтамасыз еткен жөн. Осы шараларды дереу қолға алу керек. Қойманың техникалық жағдайын шұғыл ретке келтіру қажет. Бұл – өте маңызды мәселе. Үкімет әкімдікпен бірлесіп, 2024 жылдан бастап Сәтбаев каналынан қалаға дейін құбыр тарту жұмыстарын қолға алуға тиіс. Сонымен бірге Үкімет әкімдікпен бірге сумен қамтамасыз етудің баламалы жолдарын қазірден бастап қарастыруы керек» деген еді.

## ЕСКЕРЕТІН ТҮЙІН КӨП

Елімізде суды жинайтын, сақтайтын, бұратын гидротехника нысанының саны 1,5 мыңнан асады. Оның 405-і – су қоймасы, 250-ге жуығы – дамба, плотина саны 460-тан асады. Соңғы тексеріс нәтижесінде гидротехника құрылысының 500-ден астамы жөндеуді қажет ететіні анықталған.

Артық суды тізгіндеп, аз суды өнімді пайдалануға, қар, жаңбыр суын да кәдеге жаратуға мол мүмкіндік беретін гидротехника нысаны – халық тұрмысын қамтамасыз етудің маңызды кепілі. Еліміздегі көлемді, ірі су қоймаларының дені Кеңес Одағы кезінде салынды, тәуелсіздік алғаннан кейін салынған су қоймалары да бар. Бірақ оның саны саусақпен санарлық қана. Әрине, су қоймасын салу деген асығыс жасайтын іс емес. Оған біраз қаражат кететінін былай қойғанда, оның қауіпсіздігі мәселесі тағы бар. Яғни су қоймасы да екі жүзді қанжар сияқты, жай күнде халықты қарық қылғанмен, апат болса (жарылып кетсе, жер сілкінісінен ақау алса немесе соғыс болса) жұртты ғарық қылатын жасырын қатері де бар. Мәселен, 2010 жылы Қызылағаш су қоймасы жарылып, 251 үй суға кетті, 45 адамның өмірі қиылды. 2014 жылы Қарағанды облысында Көкпекті су бөгеті жарылып, 5 адам мен 300-ден аса мал суға кетті. 2020 жылы Өзбекстандағы Сардоба су қоймасы жарылғанда, Сыр бойындағы біраз елді сыпырды. Міне, осы тұрғыдан алғанда, су қоймасы дегеніміз – мемлекеттік маңызы бар стратегиялық нысан. Оның үстіне, су қоймасының көптеп салынуы жер қыртысына, климатқа да өз әсерін тигізеді. Мәселен, Қытай Чаңжиян дариясын бөгеп, Үшқысаң деген жерден алып тоспа салғанда, АҚШ ғалымдары «енді Қытайда жаңбырдан кейінгі су апаты, қуаңшылық жиілей түсуі мүмкін. Өйткені алып су қоймасы экология жүйесінің тепе-теңдігін біртіндеп өзгерте бастайды» деп тұспал жасаған еді. Айтқаны айдай келді, қазір Чаңжиян дариясының оңтүстігінде жауын-шашын молайса, солтүстігінде құрғақшылық жиілейді.

## СУ ҚОЙМАСЫ ДА ЖЕКЕНІҢ ҚОЛЫНДА

«Әр нәрсенің бір қайыры бар» дегендей, биылғы топан су көп өңірді шайып кеткенмен, ағыны құрып, ағары қалған талай өзен қайта жөңкіліп, кебір боп кеткен көп көл қайта толды. Аралдың айырым өңірлеріне қайта су барса, жиегі түріліп бара жатқан Каспийдің суы соңғы 10 жыл ішінде алғаш рет аз да болса артқа шегінді. Жылда түбі ғана жылтырап жататын су қоймалары да ернеуін соғып толды. Бұл да қуанарлық жағдай. Бірақ су қоймасына қатысты мәселе мұнымен шешілген жоқ. Өткен жылдың соңында Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек Үкімет басшысының атына сауал жолдап, еліміздегі су нысандарының 333-і республикалық меншікте, 895-і коммуналдық меншікте, 228-і жекеменшікте болса, 22-сі иесіз екенін алға тартып, «Су қоймалары – ең басты стратегиялық нысан. Еліміздегі маңызды су сақтау нысандарының көпшілігі жекешеленіп кеткені бізді қатты алаңдатады. Қаншасының тозығы жетіп тұр, оны нығайту бойынша қандай шаралар қолға алынған, ол жағы да беймәлім. Мемлекеттік жер кадастры базасында табиғи жолмен қалыптасқан көлдер де жер телімі ретінде беріліп кеткен. Сондықтан оларды тез арада мемлекет меншігіне қайтару – кезек күттірмейтін міндет» деп дабыл қаққан еді. Жақында ол Премьер-министр Олжас Бектенов пен Бас прокурор Берік Асыловтың атына тағы да сауал жолдап, су қоймаларын басқару ісіндегі былықтарды атады. Сергеев, Ворошилов су қоймаларына, Ақсай бөгетіне қатысты мәселелерге жеке-жеке тоқталған депутат «Су қоймаларының тағдырын мафия шешіп отыр» деді. Мемлекеттік маңызды нысан саналатын су қоймалары жекелерге қалай берілген? Неге әлдекімдер «су иесі – Сүлеймен» болғысы келеді? Ол жағы мүлдем күңгірт.

## 10 ЖЫЛДАН БЕРІ ОРЫНДАЛМАДЫ

Су қоймасын салу мәселесі биыл ғана есімізге түсіп отырған жоқ. Нақтысын айтсақ, айта-айта тіл тозып, тіс мұжылған әңгіме. Мәселен, 2014 жылы ҚР Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Су ресурстары комитеті төрағасының орынбасары Болат Бекнияз «Қазақстанда еріген қар суын жинайтын 30 су қоймасы салынады» деп мәлімдесе, 2017 жылы билік Қазақстанда су жетіспеушілігі мәселесін шешу үшін еліміздің 7 облысында 22 су қоймасын салу жоспарланып отырғанын, оның жалпы құны 57,2 млрд теңгені құрайтынына дейін айтып: «Құрылыс жұмыстары 2021 жылы аяқталуы тиіс» деп нық сеніммен жария салған еді. Сондай-ақ 2015 жылы гидротехника құрылымдарына 11 миллиард теңге бөлу қарастырылғаны да БАҚ беттерінде жарияланған. 2021 жылы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев «еліміздің 9 өңірінде жалпы көлемі 3,6 млрд куб км болатын 39 жаңа су қоймасын салу жоспарланған» деп мәлімдесе, 2022 жылы Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Серік Қожаниязов «Қосымша су көлемін қамтамасыз ету үшін 2025 жылға дейін су қоры 1,7 текше шақырымды құрайтын 9 жаңа су қоймасы салынады» деп тағы дәмелендірді. Ал өткен жылдың желтоқсан айында Үкіметте өткен су кеңесінің отырысында «Көрші елдерге тәуелді болмас үшін Қазақстанда 20 жаңа су қоймасы салынады» деген ақпарат тарады. Аталған құжатқа сәйкес, 2024 жылы 9 облыста көлемі 2,4 текше шақырым болатын 20 су қоймасының құрылысын бастау жоспарланған. Сондай-ақ қолданыстағы 15 су қоймасын күрделі жөндеу көзделген. «Кешенді жоспарды іске асыру су ресурстары мен суармалы жер көлемін ұлғайтып, 41 елді мекенді сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деп жұртты көже буаз қылды да тастады. Бірақ осы уәделер орындалды ма, 10 жыл ішінде айтылған 120 су қоймасы салынды ма, қанша су қоймасы күрделі жөндеуден өтті – ол жағы белгісіз. 120 су қоймасының қаншауы салынып жатыр деген мәселе жөнінде бірде-бір адам мәлімет бермейді. Керісінше, су қоймасын салу деген әншейін жиналыста жоғары жақты бас изетіп, жұртты алдаусырату үшін айта салатын бос сөз сияқты. Егер биыл еліміздің 11 өңірін су басып, кейбір көне тоспалар жарылып кетпегенде, 10 жыл айтылған бос уәде қашанға дейін жалғасар еді?! Бір қызығы, бұл уәде биыл да қайталанып жатыр. Атап айтқанда, еліміздің көп өңірін топан су басып, халық қарғын суға ғарық болып жатқанда, «Қазақстанда ауқымды су тасқынынан кейін 57 жаңа су қоймасы салынады» деген хабарды көріп, не қуанарымызды, не жыларымызды білмей қалдық. Нақтылап айтсақ, 2024 жылғы 11 сәуірде ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов елді мекендерді су басудан қорғау және тасқын суды жинау үшін 20 су қоймасын салу жұмысына кіріскенін хабарлап, тұжырымдамада көзделген 20 жаңа су қоймасын салу жөніндегі жоспар мен басқа да кешенді іс-шаралар өзгермейтінін, министрліктің әр өңірдің әкімдіктерімен 57 жаңа су қоймасын салуды көздейтін кешенді жоспар әзірлегенін айрықша атап өтті. Демек, биылғымен қосқанда 10 жылда саламыз деген су қоймасының саны 177-ге жетті. 10 жыл бойы айтылған «ертегі» әлі жалғаса ма, жоқ енді шынайы іске кірісе ме – оны алдағы уақыт көрсетеді.

Айта кететін тағы бір мәселе, 2021 жылғы мониторинг нәтижесіне сәйкес, Қазақстанда ірі 36 су нысаны нормативтен тыс ластануға байланысты бұдан былай ішу үшін де, тіпті шаруашылыққа да жарамсыз деп танылған. Оның сыртында климаттың өзгерісі мен су көзіне көңіл бөлу жағындағы немқұрайдылыққа байланысты қанша өзен тартылды, қанша көл құрыды, қанша су көзі әлі де ластанып жатыр деген мәселеге назар аударып, қарқынды жұмыс істеп жатқандар сирек. Мәселен, Бурабай маңындағы бір көлдің суы түгелдей жап-жасыл боп түсі өзгеріп кеткен. Неге, не себепті өзгерді деп сол мәселеге назар аударып жатқан ешкім жоқ. Егер жаңадан құрылған ҚР Су ресурстары және ирригация министрлігі осы мәселелерге баса назар аудармай, бұрынғылар сияқты бос сөз, құр уәдемен күн өткізіп, жыл айналдырса, онда елімізде су тапшылығы мәселесі күн сайын ауласып, көктем сайын көлкіген судан көз ашпайтынымыз анық.

## БИЫЛ ДА БІРАЗ УӘДЕ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстанның су ресурстары және ирригация министрлігі су ресурстарын басқару жүйесін дамыту тұжырымдамасының ережелерін қайта қарайды. Өйткені 1 сәуірде Қасым-Жомарт Тоқаев 2030 жылға дейін су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың Үкімет бекіткен тұжырымдамасын қатаң сынға алды. Президенттің пікірінше, оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары су тасқынынан болатын залалдың алдын алу және азайту мәселесін кешенді шешуге мүмкіндік бермейтін декларативтік сипатта.

Су қоймасы туралы жасалған жоспарлар да естіген жан еміренетіндей керемет! Бірақ «өтірікшінің шын сөзі зая» дегендей, тағы да орындалмай қалмай ма деген сұрақ көңілді күпті қылады. Мәселен, биыл 11 облыста 5 жаңа су қоймасының құрылысы басталады. Бұл суармалы жерлердің ауданын 250 мың гектарға ұлғайтады және 137 мың адам тұратын 70 елді мекен үшін су басу қаупін азайтады. Сонымен бірге жұмыс істеп тұрған 15 су қоймасы қайта жаңартылады. Бұл 70 мың халқы бар 64 елді мекен үшін су басу қаупін азайтуға және 74 мың гектар суармалы жерді сумен қамтамасыз етуге серпін береді. Солай болғай! Ең бастысы, 10 жылдық уәде сияқты орындалмай қалмаса болғаны.

Еліміздегі ірі өзендер саналатын Ертіс, Іле, Тобыл, Талас, Сырдария, Жайық өзендерінің бәрінің жоғарғы ағысына ірі дамба, су қоймасы салынған. Мәселен, Ертісті бұрған Қытай 365 бөгеуін ағытса, Қазақстанның шығыс өңірін шайып кетеді. Жайық өзеніне салынған тоспа жарылса, қазақ елі топан судың астында қалады. Демек, су қоймасын салу жұмысы мемлекеттік стратегиялық қауіпсіздік тұрғысынан ойластырылуы керек. Сондай-ақ салынатын су қоймалары электр энергиясын өндіруге қауқарлы болса, онда біз екі алып биге шығар едік. Мәселен, Америка Құрама Штаттары – әлемдегі су бөгеті саны бойынша Қытайдан кейінгі 2-орында тұрған мемлекет. АҚШ армиясы инженерлер корпусының статистикасына сәйкес, Америка Құрама Штаттарында тым кішкентай гидроэнергетика жобасын қамтымайтын 79000-дай бөгет бар, оның ішінде 2500-ге жуық бөгет электр энергиясын өндіруге қауқарлы. Елімізде су да, электр энергиясы да жетіспей жатқанын ескерсек, бұл – біз ескеретін тәжірибе.

## ҚАРЖЫНЫҢ ЖҰМСАЛУЫ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

**Қаржы мониторингі агенттігі гидротехника нысандарын салуға бөлінген қаражаттың орынды жұмсалуын қадағалайды. Бұл туралы агенттіктің баспасөз қызметі мәлім етті.**

Қаржы мониторингі агенттігінің басшысы су тасқыны салдарын жою үшін бөлінген ақшаны мақсатты пайдалануды, зардап шеккен азаматтарға нақты көмек көрсетуді қамтамасыз етуді тапсырды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет, квазимемлекеттік компаниялар, кәсіпкерлер, қоғамдық қорлар 140 млрд теңгеден астам қаржы бөлді.

«Агенттіктің аумақтық департаменттерінің басшылары мемлекеттік органдар мен шаруашылық субъектілерінің қызметіне араласпай, бөгеттер, су бұру объектілерін салу, сондай-ақ өзен арналарын тереңдету үшін ақшаны ұтымды пайдалануды зерделеуі қажет» деп тапсырды Қаржы мониторингі агенттігінің төрағасы Дмитрий Малахов.

«Қаржы мониторингі органдары Алматы қаласында, Ақтөбе, Қызылорда және Ұлытау облыстарында жымқыру белгісі бойынша 4 іс қозғады. 5 адам күдікті деп танылды. Залалдың жалпы сомасы 1 млрд теңгеден асты. Сонымен қатар алдын алу жұмыстары зардап шеккендерге көмектесу үшін ақша жинауды жариялайтын алаяқтарға қарсы тұруға бағытталады» делінген хабарламада.

Бағаның өсуіне жол бермеуге ерекше назар аудару тапсырылды. Ол үшін азық-түлік, ауыз су, дәрі-дәрмек және басқа да қажетті заттар бағасының мониторингі жалғасады. Агенттік құрылыс материалдарының бағасымен алыпсатарлық тәуекелдерін алдын алу қызметін де жандандырады. Анықталған фактілермен күрес аналитикалық құралдарды пайдалана отырып жүргізіледі. Қорыта келгенде, агенттік басшысы бағаны негізсіз көтеруге жол бермеу бойынша жергілікті атқарушы органдармен жұмысты жандандыруды және ықтимал манипуляцияларды болдырмау жөнінде ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ – 130



# ШЫҢ мен ШЫНДЫҚ

*Соңы. Басы газетіміздің №48 (4636) санында*

«Қызыл жебе» қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа болды. Ұлттың рухын түлеткен көркем шығарма атанды. Ең көп оқылған кітапқа айналды.

Қазақ әдебиетінің алыптары мен әдеби сыншыларының «Қызыл жебе» романы туралы өз ойын жазбағандары кемде-кем. «Т.Рысқұловтың бейнесі қаншалықты құнарлы болса, соншалықты күрделі, кейде шытырман да қиын. Оның бар жолы түп-тура тіке болмаған. Оның алдынан заманы қилы-қилы қиын мәселелер тосқан. Осы ауыр міндетті Шерхан Мұртаза мойнына алып, шығармашылық ізденістермен тереңдей түсті» деп ой қорытты.

Шігесіне қорғасын құйғандай мығым, терең ойлы, парасатты суреткер Ш.Мұртазаның әр кітабы шыққан сайын жүріс-тұрысы, мінезі мен айбарлы келбеті Тұрар Рысқұловқа ұқсап бара жатқанындай сезілді. Оны әріптестері мен әдебиет сыншылары ашық айта бастады. Негізі, «Қызыл жебе» романын «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып жүргенінде жазғанын айтатын болсақ, оның тигізген әсері шығармашылық ортасында анық байқалды. Қоғам көз тіккен тұлғаның ой-жосығы, шындық пен әділдік жолындағы қайтпас күрескерлігі, қоғамның өткір мәселелерін батыл айтып, барынша батырып жариялауының іргетасы қатая түсті деуге болады. Алаш ардақтысы кешегі мен бүгінгінің тарихында қазақ баспасөзінің «жүрек жұтқан жолбарыс редакторы» атанды. Өз кейіпкеріне қасиетті қыр-сырымен ұқсаудың құдіреті де, киесі де бар емес пе?! Халықтың басына күн туғанда ерекше қайрат көрсеткен Тұрар көкесі тәрізді қалың елдің қорғаушысы және шындықтың жебесі атанған Шерағаның шыңы дәл осы жалғастықтың тамырлас болуынан шығар деген ойдамыз.

Жалпы әдеби ортада «Жазушының шығармасы – жазушының өзі» деген сөз бар. Рас. Егер Шерағаң Тұрар туралы болмаса, «Қызыл жебені» жаза алмас еді. Егер Шерхан Мұртаза елі мен жерін Тұрар Рысқұловтай шексіз сүйе білмесе, елі мен жерінің бүгінгі ақиқатын айта алмаса, бұл жолда құрбандыққа бейім болмаса, қазақтың Шерағасы да атанбас еді» деген ортақ айқындық дәл берілген.

Ұлт перзенті, дарынды талант, айтулы оратор, табиғатынан ерекше туған жан деген қасиеттері де ұқсастық қана ма?!

Жалпы Шераға көркем әдебиетте ғана емес, барлық кезең мен толқынды уақытта Т.Рысқұловтың ұлан-ғайыр ғасыр жүгін арқалаған қызметі туралы жанын беріп, адал сөзін тынымсыз жазды. Екі теңдессіз ерлігі мен абадан еңбегін ерекше келтіреді.

Біріншісі – 1918-1919 жылдарда Орта Азияда, Қазақстанда үлкен аштық. Сонда Тұрар Рысқұлов аштықпен күрес комиссиясын басқарып, халықты жаппай аман алып қалуға барын салды. Күресті. Айқасқа түсті. Ақыры, аштарға жедел көмек көрсету туралы өкіметке қаулы қабылдатты.

Екіншісі – тағы да аштық. Тарихтан белгілі, 1932-1933 жылдары жаппай коллективтендіру кезеңінде Қазақстанда өрескел бұрмалау орын алды. Халықты коллективтендіру туралы Лениннің өсиеті ұмыт қалып, қоғам дамуының объективті диалектикалық заңы бұзылды. Осының салдарынан халық көпе-көрінеу аштыққа ұшырап, өмірде сирек кездесетін нәубетке тап келді. Ал Голощекин бастаған республика өкілдері «Қазақстанда коллективтендіру тамаша өтіп жатыр» деп Мәскеуге ақпар жазумен болды. Халық жаппай күйзеліске ұшырады. Міне, осындай сын сағатта Т.Рысқұлов 1932 жылы тамыз айында Сталинге бірінші хатын жазды. Одан нәтиже бола қоймаған соң, араға бірнеше ай салып Сталин, Молотов, Кагановичтің атына екінші хатын жазды. Тұтас халықтың басына солақай саясаттың алапат қауіп төндіргенін батылдықпен, ашына айқайлап айтты. Дәл осы тұста, жеке адамға табынудың дерті белең алған шақта мұндай орасан батылдыққа барып, өз басын оққа байлау қаупіне қарамай, «халқым!» деп жанұшыра қайраткерлік көрсету теңдессіз ерлік еді. Көп ұзамай Голощекин Казкрайкомның бірінші хатшылығы қызметінен алынып, республика ауыр бұлттан арылып, әділдік орнай бастады. Осы тұста Ш.Мұртаза: «Тұрар Рысқұловтың бұдан басқа да орасан қызметтерін былай қойғанда, тек туған халқы үшін, туысқан халықтар үшін жанқияр осындай абадан істері үшін ғана оның ұлы рухын ту етіп ұстап жүруге болады» деп жазады.

Белгілі сыншы Тұрлыбек Мәмесейіт «Алысқа атылған жебе» деген көлемді мақаласында «Рысқұловтың халқына жасаған еңбегі қандай өлшеусіз болса, Шерхан Мұртазаның да Рысқұловты «тірілтудегі» еңбегі сондай зор» деп бағалайды. Бұл жалпыхалықтық баға деп санаймыз. Талғампаз қаламгер Елен Әлімжан «Қызыл жебені» жұрт Шерхан Мұртазаның Тұрар Рысқұловқа қойған ескерткіші деп жатады. Солайы солай да шығар. Дегенмен мен үшін «Қызыл жебе» – ұрпақтан-ұрпаққа қаһармандықтың мәңгілік аманаты, қоғамнан қоғамға ескертпе» деп жазады. Қаһармандықтың мәңгілік аманаты дейді. Қоғам мұны ұмытпауға тиіс. «Оян, Тұрар!» деп басталатын осы шығармасы маған да «Оян, қоғам!» деп тұрғандай болып көрінеді.

Қайсар рухты жазушы, естеріңізде ме, өзінің шығармашылығы мен өмірлік қадір-қасиетіне зор абырой әкелген романының соңында Рысқұловпен қоштасады. Сол тебіреністе: «Мен сізге дәл қазір алпыстан жаңа асқан жасымның жартысын арнадым. Отыз жыл бойы сізбен қол ұстасып, бірге жүріп, бірге тұрдым. Отыз жыл бойы жан-дүниемді, ой-санамды билеп, ұзақ сапарға жол бастадыңыз. Ол аса қиын жол еді» дейді. Одан соң «...Біреулер айтты: шеті жоқ, шегі жоқ мұхитқа түсіп кеттің-ау, байғұс, батып кетпесең жарар еді» деді. Олардың айтқаны рас еді. Мен көп малтығып, көп тұншықтым. Жағалауға жете алмай, батып кетуім ықтимал еді. Бірақ, Тұрар көке, өзіңіз алып шықтыңыз. Сіздің жұлқар рухыңыз алып шықты» деп жазады.

Ең бір жарық сәулелі түйінін қараңызшы: «Мен торыққан кезде, Сіздің рухыңыз әл-қуат берді, Тұрар көке. Мен Сізді түсімде көретін болдым» дейді. Иә, жанкештілік еңбекті, ерлікке толы елдікті Тұрар рухы қолдаған шығар, иә, ата-баба әруағы дем берген шығар.

Көрнекті жазушының «Сталинге хат» пьесасы – Рысқұловтың рухын тірілткен дара туынды. «Қызыл жебенің» жалғасы іспеттес. Сол жылдарда, бүгіндері келмеске кеткен Кеңес Одағындағы қайта құрудың дүмпуімен Алматы сахналарында батыл шешімге құрылған спектакльдер қойылып жататын. Қалам ұшынан қайраткерлігі саумалаған Шерхан Мұртазаның пьесасы бойынша сахналанған «Сталинге хат» драмасы ашаршылықтың ащы шындығын айтып, Сталинге хат жазған Тұрар Рысқұловтың азаматтық ерлігі туралы еді. Бұл қойылымды көру үшін сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбин бастап, Үкімет төрағасы қостап, республика басшылығындағы адамдар түгелге жуық театрға барады. Жарық дүниенің, қоғамның, адамның ақиқатын теңдей таспалап танудың мәні алдында бас ию, жоқ, бас идіруде сахнаның сиқырлы сыры мен көркем ойдың құдіреті санаға ауыр жүк түсірмей қоймайды. Миға сәуле түсіреді. Сол бір сәттің көрінісіне куә болғандар естеліктері мынадай болып шығады: «Қойылым басталғаннан-ақ Г.В.Колбиннің түрі өзгеріп сала берді. Меңірейіп отырды да қойды. Спектакльден кейін әдетте басшылық театр директорының кабинетіне кіретін, қойылым үшін (тіпті онша ұнамаса да) мезірет бойынша алғыс айтылатын, режиссерге, актерлерге табыс тіленетін. Колбин соның біреуін де жасамады. Орнынан тұрды да, бірден шығар есікке беттеді. Ауыз ашпаған күйі мәшинесіне отырып, кетті де қалды. Сонша саңылаусыз болмай шықты. Талай нәрсені түсінді. Спектакльдің сүйегі әлдеқашан құрап қалған Голощекин емес, тура сол сияқты Қазақстанға келіп, білгенін істемекші болып жатқан өзі туралы екенін түсінді. Бұл жерден есі барында кету керек екенін сол күні түпкілікті ұққан шығар-ау, тегінде. Мүмкін Орталыққа өтінішін де сол кезде айтты ма екен, кім біледі?».

Тарихтың көзі де, өзі де адам. Сол әйгілі драмалық шығармада Сталин: Халқы үшін шырылдап отқа түсе жаздаған пәруана. Сен сөйтіп қарлығаштай қанатыңмен су себелеген халық саған не жақсылық көрсетер екен? Күндердің күнінде атыңды да ұмытып кетпес пе екен? Білесің бе, аш бала қарны тойған соң жаңа ғана жылағанын ұмытып кетеді.

Рысқұлов: Еңбегім үшін ақы тілемеймін. Ұмытса, несі бар, ұмыта берсін. Тек қарғамаса болғаны, дүниеде бір-ақ нәрседен қорқамын.

Сталин: Ол не?

Рысқұлов: Қарғыс...

Бұл – тұла бойыңды дір еткізетін ұғым, ұлы түсінік. Сұмдық ой. Сұрапыл сауал. Қасиетті сөз жауабы.

Қазақтың биік те тұңғиық ақыл иесі Тұрар Рысқұловтай абзал азаматы еліміздің ХХ ғасыр белесінде ұлт болып ұйысып, жұрт болып қалыптасу кезеңдеріне сіңірген тарихи еңбегі мен қызметі үшін туған халқының шексіз сүйіспеншілігіне бөленіп, мәңгілік алғысын алды.

Қазір Тұрардың заманы туды. Тәуелсіздік, бостандық еліміздің басына орнады. Бұл дәурен үшін Тұрар Рысқұлов өмір бойы күресті. Жемісін өзі көре алмады, елі көріп жатыр.

Ақиқат аманат: ұлтқа қызмет етудің биік үлгісі болған ұлы қайраткер, қоғамдық санада өшпес із қалдырған көрнекті саясаткер Тұрар Рысқұловтың туабітті қайсар да қаһарман тұлғасы, біздіңше, әділетті қоғам тұрғысында ешқашан аласармайды, есімі ешқашан да ұмытылмайды, енді егеменді елімен бірге биіктеп, саналы ұрпақтарымен жасай береді.

Бұл күндері Әділетті Қазақстан құру кезінде ар-ождан тазалығы, адал еңбек, адал табыс қаншалықты маңызды болып отырғанын жақсы білеміз. Ал ел басқару ісінде ұлтқа қызмет ету мен ұлттық мүддені жоғары қоя білуде, ең алдымен, өз халқын ойлауға міндетті мемлекетшілдік қасиеттер аса қажет. Ол шешімді шарт болуы тиіс. Дәл осы биікте Тұрар Рысқұловтың тәуелсіз ел жастары үшін қайраткерлік өнегесі, азаматтық ұстанымы, озық ойлары мен тағдырлы, тарихи тағылымы – өміршең ұлт байлығы, таусылмас қазына.

Өркениетті өмірдің дәстүрінде Тұрар Рысқұлов есімі – қазақ ұлты үшін ешқашан ескірмейтін құндылық.

Енді әңгіменің түйіні: өршіл ұрпақ бүгінгі заманда әр нәрсенің байыбына барып, түсінуді үйрену керек деп ойлаймыз. Ең бірінші кезекте ұлтқа қызмет етудің жалпылама мәнін түсіну үшін ел мұратына адалдық танытқан тарихи тұлғалардың атқарған істерін замандар үрдісінде танып, білуіміз қажет.

**Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

# БАБАЛАРДАН ЖЕТКЕН САЗ

Сыбызғы қазақ халқының қобыз, домбыра сынды төл аспаптарымен қатар аталатын, сан ғасырлық тарихы бар үрмелі саз аспабы болғанмен, сыбызғы үніндегі жүрек қылын тербейтін сұлу сазды, көмейден қайырып, көкіректен шығаратын танымал сыбызғышылар ел ішінде күн өткен сайын сиреп бара жатыр. Тек сахнада, ұлттық оркестрдің құрамында төбе көрсеткені болмаса, бабадан қалған бағлан өнердің бағасын биіктетіп, бабымен ұстап жүрген өнерпаздар қатары селдір. Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның сыбызғышысы Шығыс Маханұлы «сыбызғы әлі де терең зерттеліп, жас ұрпаққа кеңінен насихатталуы керек» деп санайды.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**



Шығыс Маханұлы – арда Алтайдың бауырындағы Сауыр деп аталатын шөбін тартсаң май шығатын, қазық қақсаң тал шығатын шұрайлы өлкенің тумасы. Қазақтың небір өнер саңлағы туған бұл мекенде Жылқышы Ақтайұлы, Ақымжан Болдырғанұлы, Тотай сал Сымағұлұлы сияқты атақты сыбызғышылардың өнерінен қалған өнеге бар. Жастайынан өнерге, ән-күйге бейім өскен Шығыстың бойына дарыған сыбызғышылық өнер дала мектебінің құдіретімен қонған десек қателеспейміз.

Шығыс өнерлі отбасында ержетті. Әкесі Махан дәрігер болғанмен, қара домбыраны шебер сөйлететін асқан күйші еді. Ал әжесі Зәуре Мәликеқызы топқа түсіп айтысқан айтулы ақын болған. Бала Шығыс та әке жолын қуып, домбыраны жастайынан өзіне серік етіп, ауылда «бала күйші» атанды. Кейін Бейсембі Дөненбайұлының күйлерін зерттеп, жинаушы, атақты күйші Тұрсын Кәдейұлынан үш ай сабақ алған Шығыс өз өнерімен көзге көрініп, 1988 жылы Жеменей (ҚХР) аудандық ойын-сауық үйірмесіне қабылданады. Кейін Үрімжі қаласындағы көркем өнер колледжіне оқуға түсіп, аккордеон мамандығы бойынша Елнар Мұқашқызынан сабақ алды. Осылайша Жеменей аудандық ойын-сауық үйірмесінде күйші, аккордеоншы болып 10 жылдай қызмет істеді. Осы өнер ұжымында жүргенде арғы беттегі атақты сыбызғышылардың бірі Құттыбай Сыдықұлы Шығыстың күй шерту шеберлігі мен әуенді әдемі алатын сезімталдығына қызығып, оны өзіне шәкірт болуға шақырады. Бірақ Шығыс 2001 жылы атажұртқа қоныс аударады да, Құттыбайға шәкірт болу несіп болмайды.

Қазақстанға келгеннен кейін Шығыс Астана қаласының филармониясына жұмысқа орналасады. Осы өнер ұжымында жүріп Қазақстанда сыбызғы өнерінің кенжелеп қалғанын байқап, өзінің сыбызғы тарту өнерін жетілдіруге кіріседі. Сөйтіп іштей дайындық жасап жүргенде, ұжым жетекшісі Нұрлан Хамзин Шығысқа «Осы сен оркестрде сыбызғы тартсаң қайтеді? Бұл өнер біздің елде өшіп барады, арғы бетте оның тұнық бояуы сақталған. Сен Қытайдағы сыбызғышылардан біраз уақыт үйреніп, сол бояуды Қазақстанға әкелсеңші» деген өтініш айтады. Бұл Шығыс Маханұлының Қытайда шешесі қайтыс болып, отбасымен сол елге аттанғалы тұрған сәті еді.

«Шешемнің қырқы өткеннен кейін әкемнен рұқсат сұрап, Құттыбайдан сыбызғы үйренуге бардым. Он күн үйренгенде барлық дыбысты толық алып, сыбызғымен 5-6 күй, 6-7 ән тартатын деңгейге жеттім. Әрине, қуыс ағашты үрлей білетіннің бәрін сыбызғышы емес, маңыздысы – сыбызғы үніндегі табиғи бояу мен көмекейдегі тереңнен шығатын әсем сазды сәйкестіре білу. Мен Құттыбай ұстаздан сыбызғышылықтың осы кереметін үйреніп қайттым. Кейін Бейілхан Қалиакбарұлынан тәлім алып, осы деңгейге жеттім» дейді өзі.

Ендігі жерде «сыбызғышы Шығыс» атанған ол 2002 жылы 2 қыркүйекте Астана қаласының мемлекеттік академиялық филармониясы жанынан құрылған «Ақ Орда» ұлт аспаптар ансамблінің сыбызғышысы болып жұмысқа қабылданады. Осы өнер ұжымында жүріп сыбызғының сырлы үнін әуелеткен ол шетелге дейін барып, сыбызғы тартты.

– Маған филармония басшылары үлкен қолдау көрсетті, «сыбызғы – жоғалып бара жатқан аспап, осыны қайта түлетуге күш сал» деп дем берді. Башқұртстанға дейін жіберіп, сыбызғы тарту өнерімді дамытуға жағдай жасады. Демеп, жебеп, сыбызғының сахнадан ойып орын алуына мүмкіндік берді. Бұл – өнерде жүрген ағалардың ұлт аспаптарына, өнерге деген жанашырлығы, – деген Шығыс Нұрлан Хамзин сияқты ағаларының есімін үлкен ілтипатпен атап өтті.

Шығыс Мақанұлының «Жылп өткен дүние», «Жылқысын жау айдаған жалғыз жігіт», «Ертіс толқыны», «Тәттім, сылқым», «Сарыбел», «Ботасын аңсаған бозінген», т. б. күйлері «Қазақтың 1000 күйі» алтын қорына енген. 2010 жылы «Сарыарқа» халық музыка ансамблінің сүйемелдеуімен республика көлемінде тұңғыш рет «Сыбызғы сазы» атты жеке шығармашылық концерт беріп, киелі сахнада сыбызғы күйлері мен халық композиторларының сыбызғыға арналған күйлерін орындады. Жақында Шығыс Мақанұлының Астанада «Алтын Алтай – әуенім» атты шығармашылық кеші өтпек. Бабалар үнін бүгінге жалғаған сыбызғышының өнердегі жолы әрдайым ашық болғай!

# ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫНЫҢ БЕРЕРІ НЕ?

Сәуір басталғалы денсаулығы сыр бергендер көбейді. «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы» деп ата-бабамыз айтып кеткендей, көктем мезгілі ерекше күтім мен пайдалы тағам жеуді екі есе қажет етеді. Иммунитет әлсіреген соң, түрлі ауру белең алады. Бұған қарсы әлемде жыл сайын сәуірдің соңғы аптасында иммундау жұмысы жүргізіледі.



ДДҰ европалық аймақ бюросының бастамасымен соңғы 16 жыл ішінде жыл сайын сәуір айының соңында иммундау апталығы өтеді. Европалық иммундау апталығы – иммундауды насихаттаудың тиімді механизмі. Мақсаты – халықтың иммундауға назарын аударып, оның маңызы туралы сауатын арттыру. Сол арқылы вакцинациялау деңгейін арттыру. Бұл ретте халықтың осал топтарына ерекше назар аударылады.

Бүкіл әлемде өтетін иммундау апталығы Қазақстанда биыл 24-30 сәуір аралығына қойылды. Барлық жастағы адамдарды аурудан қорғау үшін вакциналарды белсенді қолдануға ықпал ететін бірыңғай иммундау апталығы миллиондаған адамның өмірін сақтап қалады және денсаулық сақтау саласындағы ең тиімді шараның бірі ретінде кеңінен танылған.

– Иммунопрофилактика – профилактикалық егу жұмыстарын жүргізу арқылы жұқпалы аурулардың таралуын болдырмауға, шектеуге және жоюға бағытталған іс-шаралар кешені. Иммундау үшін Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес тіркелген отандық және шетелдік иммунобиология препараттары қолданылады. Вакцинациядан кейінгі иммунитет күші бірнеше жылға созылады. Кейбір вакциналар ағзаның өмір бойы инфекцияға төзімділігін тудырады, – дейді Астанадағы №3 қалалық емхананың дәрігер-терапевті Досбол Қайрат.

Қазақстанда вакцинация ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығымен бекітілген ұлттық профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес қатаң түрде жүргізіледі. Күнтізбе профилактикалық егу жұмыстарын жүргізу мерзімі мен тәртібін белгілейді. Бүгінде күнтізбеге В гепатитіне, дифтерияға, көкжөтелге, қызылшаға, қызамыққа, полиомиелитке, сіреспеге, туберкулезге, паротитке, гемофильді инфекцияға, пневмококк инфекциясына және тұмауға қарсы егу енгізілген. Дәл осы аурулар халықтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді және эпидемияның дамуына дейін адамдар арасында таралу қаупі жоғары.

– Күнтізбеге енгізілген негізгі инфекциялардан басқа, басқалары бар, мысалы, сібір жарасы, туляремия, желшешек. Бұл инфекциялар ұлттық профилактикалық егу күнтізбесінің екінші бөлігіне – эпидемиялық көрсеткіштер күнтізбесіне кіреді. Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша профилактикалық егу жұқпалы аурулардың пайда болу қаупі төнген кезде азаматтарға, эндемиялық өңірлерге баратын немесе оларда тұрақты тұратын адамдарға жүргізіледі, – дейді дәрігер.

Вакциналар арқылы алдын алуға болатын аурулардың көпшілігі оңтайлы қорғанысқа қол жеткізу үшін вакцинаның бірнеше дозасын қажет етеді. Вакцинация күнтізбесіндегі әрбір доза қорғанысты құруға немесе сақтауға арналған. Екпенің кез келген дозасын өткізіп жіберу немесе кешіктіру инфекцияны жұқтыру және ауыр аурудың даму қаупін арттырады.

– Вакцинопрофилактика – профилактикалық медицинаның ажырамас бөлігі. Вакцинацияның арқасында өмірге қауіп төндіретін көптеген жұқпалы аурудың таралуын болдырмауға мүмкіндік туды. Жаппай вакцинопрофилактика жетістіктерінің арқасында шешек ауруын толығымен жоюға, дифтерия, В гепатиті, сіреспе және басқа да көптеген жұқпалы аурудың жиілігін бірнеше рет азайтуға болатынын ұмытпаған жөн, – дейді сала маманы.

Халықтың қарқынды көші-қон процесінің қазіргі жағдайында, әсіресе Пәкістан, Ауғанстан, Тәжікстаннан жабайы полиомиелит вирусын, қызылша вирусын, пандемиялық тұмауды және жұқпалы аурулардың басқа да қоздырғыштарын кез келген елге, оның ішінде Қазақстанға әкелу қаупі тұрақты. Профилактикалық егуді кеңінен жүргізудің арқасында Астана қаласында дифтерия, сіреспе, полиомиелит, құтыру сияқты аурулар тіркелген жоқ. Вакцинацияның арқасында басқарылатын инфекциялардың өршу жиілігі соңғы жылдары күрт төмендеді, көптеген ата-анада, денсаулық сақтау саласының мамандары да вакцинаның алдын алуға адал. Вакциналарға қатысты қоғамдық пікірге ғаламторда, баспасөз беттерінде вакцинацияның қажеті туралы жарияланымдар әсер етеді. Сонымен қатар вакцинация арқылы алдын алуға болатын аурулардан жыл сайын Европа елдерінде көптеген жас бала көз жұмады. Қазақстанда елдің бәріне вакцинация тегін жүргізіледі, оның ішінде басқа елдерден келгендерге де қолжетімді. Иммундау апталығы кезінде, қалада тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелмеуіне қарамастан, бүкіл адам қаланың аумақтық емханасында екпе ала алады. Медицина мамандары бүгінгі таңда көптеген ауруға қарсы алдын алуда иммундауға балама жоқ екенін тағы да еске салады. Осыған орай, қазіргі таңда №3 емханада мына вакциналарды алуға болады:

1. В гепатитіне қарсы вакцина медициналық оқу орындарының студенттері мен емхана қызметкерлеріне арналған.
2. АДСМ – осы емханаға тіркелген 16 жастағы жасөспірімдерге ата-анасының рұқсатымен және 26, 36, 46 жастағы ересек тұрғындарға салынады.
3. Қызылшаға қарсы вакцина медицина көрсетілімі бойынша және аурумен байланыста болғандарға егіледі.
4. Диаскинтест – көрсетілімі және мантуға оң реакция беретін, аурумен байланыста болғандарға салу жоспарланған.

Егу Астана қаласы, Республика даңғылы, 56 мекенжайдағы №26 кабинетте таңғы сағат 8:00 мен кешкі 18:00 аралығында жүргізіледі. Мұндай шаралар қаланың өзге де емдеу мекемелерінде жүріп жатыр.

Дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

Адамдардың көпшілігі қыста аз қимылдап, көктем шыққанда қимыл-қозғалысты көбейтеді, күн жылып немесе қайта суып, үстімізді біресе шешіп немесе біресе қатты киініп алатын жайт жиі кездеседі. Осы кезде әлсіреп тұрған иммундық жүйеге бірден күш түседі.

# КӨКТЕМДЕ ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНҒАН ЖӨН?



Ер адамдарға қарағанда, әйелдер дәрумен тапшылығына жиі ұшырайды. Себебі әйел ағзасындағы физиология өзгерістеріне байланысты дәрумен қоры азаяды, оның аздығы жүктілікке, босануға және арасы жиі жүктілік, емізуге, жалпы әйел адамның ағзасына байланысты. Табиғи тағамдарды жиі пайдаланған жөн. Соның ішінде ұлттық сусындарымыз – шұбат пен қымыз ішіп тұрса, иммунитет күшейеді. Ағзасында кальций жетіспейтін адамдар тары жегені дұрыс. Бұған қоса, ас мәзірінде көкөністерді жиі пайдалану керек. Құрамында дәрумені көп тамақты талғап жеу керек. Мәселен, сәбіз, қырыққабат – ең пайдалы көкөніс. Оның құрамында В1, В2, В6, С, Е, РР, К дәрумендерімен қатар, минералды тұз да бар. Сәбіз көздің көруін жақсартып, терінің жақсаруына әсер етеді. Қызылша шаршауды басып, күйзелістен құтқаратынын көбіміз біле бермейміз.

Көктем мезгілінде тамақтанудың негізгі ережелері:

– Жиі әрі аз-аздан тамақтану, күніне әр 2,5-3 сағат сайын 5-6 рет тамақтану қажет;

– Рационда ақуыздың, майдың және көмірсутегінің болуын қадағалау керек;

– 1 күн ішінде тұтынатын майды, ақуызды және көмірсутегін тәбетіңізге қарай ретімен ішіп-жеу қажет;

– Таза су, күніне 2 литрден жоғары мөлшерде су ішу керек, су жасушалардың қалыптасуына әсер етеді, терідегі құрғақтықты жояды.

– Таза тамақ (жартылай фабрикаттардан, тез дайындалатын тағамдардан және тәттіден бас тарту);

– Көктемнің алғашқы 1,5 айында спиртті ішімдіктерден мүлдем бас тартыңыз. Ол ағзаның тазару процесін бұзып, жаңа жасушалардың өсуіне әсер етеді.

– Асқок, ақжелкен сияқты көкөністі көп тұтынған дұрыс. Рационға смузи, кинза (кориандр) қосуға да болады. Олардың орнын жазға қарай қарбыз бен қауын баса алады.

– Көбірек қозғалып, жүгіруді қолға алсаңыз, ағзадағы қыстан қалған токсиндер термен шыға бастайды. Сауна мен моншаға жиі бару ағзада жиналған токсиндерді шығаруға көмектеседі, былайша айтқанда, тері жаңарады.

**Айдана АЯЗБЕК,**
**№11 емхананың**
**ІІ санатты отбасы дәрігері**

# АДАМ ПАПИЛЛОМАСЫ ВИРУСЫНЫҢ ҚАУПІ

Астанадағы №10 емханада 11 жастағы қыздарға адам папилломасы вирусына қарсы вакцинаны салу маңызы туралы арнайы екі күндік семинар-тренинг өтті.

Іс-шара қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы және қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ұйымдастыруымен өтіп, оған екі мекеменің және емхананың дәрігерлері қатысты. Адам папилломавирусы (АПВ) – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді, яғни онкологияның дамуына әкеледі. Көптеген адамды бұл ауру алаңдатпайды, бірақ кейбір папилломавирустар сүйелге немесе қатерлі ісікке әкелуі мүмкін. Жатыр мойны обырының дамуы әйелдің адам папилломавирусын жұқтыруымен байланысты, бұл туралы көптеген ғылыми дәлел бар. ДДҰ мәліметі бойынша 95 пайыздан астам жағдайда жатыр мойны обырын адам папилломавирусы тудырады. Жатыр мойны обырының 70 пайызы АПВ-ның екі түрлі вирус штамынан туындайды.

Әлемде жыл сайын 600 мың әйелде жатыр мойны обыры анықталады және содан 340 мың әйел қайтыс болады. Ал Қазақстанда жатыр мойны обырының 1600-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, бұл аурудан 500-ден астам



әйел қайтыс болады. Елімізде әйелдерде онкология ауруының таралуы бойынша жатыр мойны обыры сүт безі обырынан кейінгі екінші орында тұр. Папиллома вирусы адамнан адамға тұрмыстық байланыс және жыныстық қатынас арқылы берілуі мүмкін.

Қазақстанда 2024 жылдың ІІІ тоқсанынан бастап қыздарды вакцинациялау жоспарлануда. Адам папилломавирусына қарсы вакцина ұлттық егу күнтізбесіне енгізіледі, вакцинация 11 жастағы қыздарға балаларды вакцинациялауға ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас ДДҰ, онкологтардың ұсынысына сәйкес таңдалды, себебі 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімді, тұрақты иммунитет қалыптасады. Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді. Орталық Азия елдері бойынша көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан АПВ қарсы вакцинацияны енгізген.

Астаналық дәрігерлер осындай ақпарат келтіріп, ауруға қарсы вакцинаны алу маңызына тоқталды. Атап айтқанда, Астана қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы директорының орынбасары Гүлназ Досмырзаева, қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті директорының орынбасары Жанна Пралиева, №9 қалалық емхана директорының орынбасары Дана Сәбитқызы және басқа да медицина ұйымдары мен жоғары оқу орындарының өкілдері баяндама жасады.

## ДҮЙСЕНБІ
## 29 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Түркі әлемі». Деректі фильм.
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Құрсаудағы қыз». Телехикая.
12:20 «Әскери ант». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Әскери ант». Телехикая (жалғасы)
